



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY



«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ»

ХАБАРШЫСЫ

«ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ МЕДИЦИНСКОЙ АКАДЕМИИ»

ВЕСТНИК

OF THE SOUTH-KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY

VESTNIK

№2(96), 2022

ТОМ I

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

REPUBLICAN
SCIENTIFIC JOURNAL

Учредитель:

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

Журнал перерегистрирован
Министерством информации и
коммуникаций Республики Казахстан
Регистрационное свидетельство
№17199-ж от 04.07.2018 года.
ISSN 1562-2967

«Вестник ЮКМА» зарегистрирован в
Международном центре по регистрации
серийных изданий ISSN(ЮНЕСКО,
г.Париж,Франция), присвоен
международный номер ISSN 2306-6822

Журнал индексируется в КазБЦ; в
международной базе данных Information
Service, for Physics, Electronics and
Computing (InspecDirect)

Адрес редакции:
160019 Республика Казахстан,
г. Шымкент, пл. Аль-Фараби, 1
Тел.: 8(725-2) 40-22-08, 40-82-22(5113)
Факс: 40-82-19
www.ukgfa.kz, ukgma.kz
E-Mail: medacadem@rambler.ru,
raihan_ukgfa@mail.ru

Тираж 20 экз. Журнал отпечатан в
типографии ИП «Қанағат»,
г. Шымкент.

Главный редактор

Рысбеков М.М., доктор мед. наук., профессор

Заместитель главного редактора

Нурмашев Б.К., кандидат медицинских наук,
профессор

Редактор научного журнала

Шаймерденова Р.А., член Союза журналистов
Казахстана

Редакционная коллегия:

Абдурахманов Б.А., кандидат мед.н., доцент
Абуова Г.Н., кандидат мед.н., доцент
Анартаева М.У., доктор мед.наук, доцент
Кауызбай Ж.А., кандидат мед.н., доцент
Ордабаева С.К., доктор фарм. наук, профессор
Орманов Н.Ж., доктор мед.наук, профессор
Сагиндыкова Б.А., доктор фарм.наук,
профессор

Сисабеков. К.Е., доктор мед. наук, профессор
Шертаева К.Д., доктор фарм.наук, профессор

Редакционный совет:

Бачек Т., асс.профессор(г.Гданьск, Республика
Польша)
Gasparyan Amen Y., MD, PhD, FESC, Associated
Professor (Dudley, UK)
Георгиянц В.А., д.фарм.н., профессор (г.Харьков,
Украина)
Дроздова И.Л., д.фарм.н., профессор (г.Курск,
Россия)
Корчевский А. Phd, Doctor of Science (г.Колумбия,
США)
Раменская Г.В., д.фарм.н., профессор (г.Москва,
Россия)
Халиуллин Ф.А., д.фарм.н., профессор (г.Уфа,
Россия)
Иоханна Хейкиля, (Университет JAMK, Финляндия)
Хеннеле Титтанен, (Университет LAMK,
Финляндия)
Шнитовска М.,Prof.,Phd., M.Pharm (г.Гданьск,
Республика Польша)



АММИ Шымкент филиалының (қазіргі ОҚМА) тұңғыш ректоры, профессор Есболган Тегісбайұлы Тегісбаевтың 90 жасқа толуына арналған Халықаралық конференцияның материалдары

29 маусым 2022 жыл, Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 90-летию первого ректора Чимкентского филиала Алматинского государственного медицинского института (ныне Южно-Казakhstanской медицинской академии), профессора Есболгана Тегисбаевича Тегисбаева 29 июня 2022 года, город Шымкент, Республика Казахстан

Materials of the International scientific and practical conference dedicated to the 90th anniversary of the first rector of the Shymkent branch of Almaty State Medical Institute (now the South Kazakhstan Medical Academy), Professor Esbolgan Tegisbaevich Tegisbayev June 29, 2022, Shymkent, Republic of Kazakhstan

Информационное сообщение

Райхан Ануарбековна Шаймерденова, редактор научного журнала «Вестник ЮКМА», член Союза журналистов Казахстана

Есболган Тегисбаев – живая легенда фармации Казахстана

Одним из знаковых событий Южно-Казахстанской медицинской академии первого полугодия 2022 года стало проведение международной научно-практической конференции, посвященной 90-летию первого ректора вуза, профессора Есболгана Тегисбаевича Тегисбаева.



На снимке: Участники международной онлайн конференции встречают бурными аплодисментами Есболгана Тегисбаевича Тегисбаева, Шымкент, 29 июня 2022 года.

Юбиляр, несмотря на возраст, в самом расцвете сил, полный энергии и возможностей, продолжает трудиться и возглавляет кафедру в Казахстанско-Российском медицинском университете (Алматы, Казахстан).

На просторах фармацевтического образования и фармацевтической науки Е.Т. Тегисбаев является одним из авторитетнейших ученых Казахстана, с богатым практическим и научным опытом. О лекарственных растениях, произрастающих в Казахстане, знает, если не все, то почти все.

Своей эрудицией и талантом, как настоящий руководитель Чимкентского филиала Алматинского государственного медицинского института (ЧФ АГМИ) со дня его основания в 1979 году, Есболган Тегисбаевич покорила сердца не только выпускников, но их родителей, преподавателей, ученых, сотрудников многочисленных подразделений, поскольку о каждом интересовался по-отечески, наставлял, поддерживал, помогал материально и морально выходить из жизненных ситуаций. Интересующихся научно-исследовательской работой отправлял в аспирантуру ведущих вузов Москвы, Санкт-Петербурга, Харькова, Пятигорска, Львова, об этом с уважением и гордостью подчеркивали все участники онлайн видеоконференции.



На снимке: Е.Т.Тегисбаев обращается к гостям и участникам международной конференции с приветственной речью.

А начиналась конференция с приветственной речи ректора АО «ЮКМА», профессора Мырзабека Мырзашевича Рысбекова:

- Сегодня в стенах Южно-Казакстанской медицинской академии чувствуем глубокоуважаемого в научных и медицинских кругах ученого, профессора Е.Т.Тегисбаева, под руководством которого 42 года тому назад, летом 1979 года на первый курс фармацевтического факультета Чимкентского филиала АГМИ были зачислены 250 студентов, представляющие все регионы Казахстана. Количество желающих обучаться в новом вузе с каждым годом увеличивалось, высокий проходной балл позволял принимать самых сильных. За профессорско-преподавательский состав и сотрудников профильных кафедр Есболган Тегисбаевич не сомневался, так как принимал на работу опытных педагогов, имеющих ученые звания и ученые степени, практический и научный стаж.

Подытоживая свое выступление ректор М.М. Рысбеков в режиме видеоконференцсвязи вручает Есболгану Тегисбаевичу Тегисбаеву памятную медаль.



На снимке: Ректор Южно-Казакстанской медицинской академии, профессор М.М. Рысбеков зачитывает приветственную речь и виртуально вручает памятную медаль Е.Т.Тегисбаеву через уполномоченное лицо, представителя Казакстанско-Российского медицинского университета (Алматы) К.Жалдыбаева.

«Репутация и профессиональные знания первых выпускников зашкаливают. Все состоявшиеся деловые и творческие личности, есть среди них крупные бизнесмены, ученые, провизоры, хотя многие уже на заслуженном отдыхе, и некоторые проживают в Германии, России, на Ближнем Востоке, в США, Израиле, Греции, Канаде. Сегодня им предстоит выступить на конференции. Что радует? Все сохранили теплые воспоминания о студенческой жизни в Шымкенте, - рассказывает организатор конференции, декан фармацевтического факультета, доктор PhD Галия Жанбырбаевна Умурзахова.



- На онлайн- площадку приглашены представители госорганов, руководители вузов, ветераны ЮКМА, - продолжает Галия Жанбырбаевна и добавляет, - а также те, кто стоял у истоков создания ЧФ АГМИ, нынешняя студенческая молодежь и коллектив академии. Особо хочется отметить поддержку в проведении форума Учредителя в лице Серикжана Сейтжановича Сейтжанова, администрацию, все структурные под-разделения, в том числе заведующих профильными кафедрами, профессоров Б.А.Сагиндыкову, С.К.Ордабаеву, К.Д.Шертаеву.

На онлайн-площадке звучат искренние поздравления ректора КРМУ, д.м.н., профессора Н.Т.Джайнакбаева, акима района Аксу Алматинской области Е.С.Базарханова, лауреата международной премии «Алаш», кавалера орденов «Парасат», «Барыс», почетного гражданина города Шымкента и Туркестанской области, поэта Х.Есенқарақызы.



ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ, ХАБАРШЫ №2(96), 2022, том I
На снимке: Приглашенные гости среди участников международной конференции.

Выступавшие высоко оценили заслуги почетного профессора Е.Т.Тегисбаева, обладающего талантом руководителя, преданного ученого, воспитавшего не одну плеяду известных в республике специалистов медицинского и фармацевтического профиля. Особо подчеркнули значимость вклада Е.Т.Тегисбаева в фармацевтическое образование и фармацевтическую науку Казахстана д.фарм.н., профессора Ж.М.Арыстанов и Т.А.Арыстанова, Б.А.Сагиндыкова, которые являются первыми аспирантами, прошедшие обучение в ведущих вузах Москвы.



На снимке: Один из первых аспирантов ЧФ АГМИ д.фарм.н., профессора Ж.М.Арыстанов.



На снимке: заведующая кафедрой технологии лекарств, д.фарм.н., профессор Б.А.Сагиндыкова.

Тепло и искренне поздравляли Е.Т.Тегисбаева с 90 летним юбилеем: начальник учебной части ЧФ АГМИ 1980-1998 Л.А.Григорьева, проректор по стратегическому и корпоративному развитию Казахского национального медицинского университета им. Асфендиярова, профессор У.Датхаев, лучший медицинский работник РК, ветеран труда ЮКМА З.М.Рысбекова.



На снимке: ветеран труда ЮКМА Зоя Маткаримовна Рысбекова.

Перелистывали страницы истории не только гости. Среди присутствующих были и первые зачисленные по штатному расписанию в ЧФ АГМИ. О первых трудностях, об открытии первых корпусов, новых кафедр, летнего лагеря для прохождения производственной практики, библиотеки, общежития поведали: д.м.н., профессор кафедры фармакологии, фармакотерапии и клинической фармакологии Н.Ж.Орманов, к.физ-мат.н., профессор кафедры медбиофизики и информационных технологий ЮКМА К.Д.Кудабаев.



На снимке: профессор кафедры медбиофизики и информационных технологий ЮКМА К.Д.Кудабаев.

Каждый студент, выпускник, молодой сотрудник был счастлив учиться в вузе, который чуть ли не со дня основания покорял не только научные вершины, но и достигал высоких производственных показателей во время сельскохозяйственных работ – сборе урожая винограда в Кировском районе Южно-Казахстанского края, участия в городских, республиканских соревнованиях по волейболу, шахматам, легкой атлетике, участия в конкурсах художественной самодеятельности, на лучшее общежитие среди медицинских вузов страны. Е.Т.Тегисбаев подписывал договора на прохождение студентами производственных практик за пределами Казахстана – в Москве, Пятигорске, Санкт-Петербурге, Харькове, Ташкенте, Фрунзе, Львове, и делалось это с одной целью – расширить кругозор не только педагогов, но и студентов. А с другой стороны – крепкие образовательные связи никому и никогда не мешали.

Об этом делились с трибуны заведующая кафедрой фармацевтической и токсикологической химии, д.фарм.н., профессор С.К.Ордабаева, руководитель Управления здравоохранения города Шымкента Н.А.Асылбеков, декан факультета Фармации Медицинского университета Астана А.Б. Шукирбекова, декан Школы фармации, д.фарм.н., профессор З.Б.Сакипова, доцент кафедры фармацевтической и токсикологической химии, ФГЗ и ботаники, д.фарм.н., профессор А.К.Бошкаева, завкафедрой инженерных дисциплин К.К.Кожанова (КазНМУ им.Асфендиярова), доцент кафедры фармацевтических дисциплин НАО «ЗКМУ имени Марата Оспанова» К.Ш.Урагалиев, уполномоченное лицо первого ректора ЮКМА Тегисбаева Е.Т. старший преподаватель КРМУ, отличник здравоохранения РК К.К. Жалдыбаев, директор ассоциации фармацевтических и медицинских организаций «Даму» Х.Д.Альжанова, советник учредителя ТОО «ЭкофармИнтернейшнл» Ж.Д.Кенжебаев, заместитель руководителя Департамента комитета медицинского и фармацевтического контроля МЗ РК по городу Шымкенту Л.Р.Кашкымбаева.



На снимке: участники международной конференции:
заместитель декана фармацевтического факультета, к.фарм.н. М.М.Сапакбай, заведующая кафедрой фармацевтической и токсикологической химии, д.фарм.н. профессор С.К.Ордабаева, редактор научного журнала, член Союза журналистов Казахстана Р.А.Шаймерденова, руководитель управления здравоохранения города Шымкента Н.А. Асылбеков.

Дань уважения самому почитаемому руководителю и первому ректору ЮКМА Е.Т.Тегисбаеву, оставившему в сердцах выпускников незабываемые впечатления от обучения, получения знаний и навыков, которые оказались богатейшим багажом в их деловой репутации, выразили видеопоздравлениями: первая студентка ЧФ АГМИ 1979 года, староста первого потока, Ленинский степендиат, к.фарм.н. Елена Левченко (Германия), выпускники 1984 года – С.Авраиди (Греция), О.Шаповалова (Россия), выпускники 1986 года – староста 2-го потока З.Есенбаева, видеопоздравления – староста первого потока Г.Титова (Россия), бессменный фотограф ЧФ АГМИ А. Сихварт (Германия), выпускники 1987 года – староста 2 потока А.А.Каюпова, видеопоздравления Б.М. Аугановой (Караганда).

Казалось, что теплый и радостный праздник взрослых, вспоминающих, какими они были в 20 лет, никогда не закончится. Желавших выступить с приветственными речами было настолько много, что организаторам было сложно поставить жирную точку. Свыше трех с половиной часов длилась видеоконференция, которая не прерывалась ни на минуту. Есболган Тегисбаевич Тегисбаевич слушал всех, благодарил всех за признательность, чуткость, душевность, за теплые слова, что не забывают о счастливых студенческих годах в Шымкенте. Нам, участникам конференции, тоже не хотелось расходиться, а с другой стороны, казалось, что и Есболган Тегисбаевич Тегисбаев помолодел, окреп духом, скрывая усталость.

И в тот самый момент подумалось: каким счастливым человеком является Е.Т.Тегисбаев, которого и сегодня помнят, ценят, уважают и не скрывают своих чувств благодарные ученики, коллеги и последователи, которым выпала уникальная возможность насладиться этой радостной встречью в конце июня 2022 года в прекрасном южном городе Шымкенте.

Ниже публикуем фотоснимки за период 1979-1989 годы.



На снимке: профессор Е.Т.Тегисбаев среди представителей медицинского и фармацевтического научного сообщества.



На снимке: Первый профессорско-преподавательский состав ЧФ АГМИ.



На снимке: Е.Т.Тегисбаев среди сотрудников ЧФ АГМИ.



На снимке: Члены комиссии ЧФ АГМИ обсуждают итоги проведения государственных экзаменов.



На снимке: Представители партийного бюро ЧФ АГМИ на расширенном профсоюзном собрании коллектива.



На снимке: За партами одна из студенческих групп фармацевтического факультета вместе с молодым преподавателем.

Мерейтой

Қайрат Кеңшілікұлы ЖАЛДЫБАЕВ,

Алматы қаласындағы Қазақстан Ресей медицина университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі, e-mail: kairat.med@mail.ru

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Есболған ағайымды 1980 жылдан бастап білемін. Мен ол кезде Алматы мемлекеттік медицина институтының Шымкент филиалының дайындық курсына оқуға түскен едім. 1980 жылы 2 желтоқсанда жан-жақтан келген дайындық курсының тындаушыларын сол институттың ректоры Есболған Тегісбайұлы Тегісбаев оқуға түсуімізбен құттықтап, бізге ақ жол тіледі. Сол кезде институтта 1 курста 250 студент, 2 курста 250 студент, дайындық курсына 40 шақты тындаушы оқыдық. Институттың ашылғанына 2 жыл болған. Сол кездің өзінде Есболған ағайымыздың тыңғылықты басқаруының арқасында институт күннен күнге көз алдымызда өзгеріп, оқу орнының ғимараттары үлкейе берді. Атап айтсақ, кітапхана, оқу залы, жатақхана, оқу бөлімдегі зертхана, асхана пайдалануға беріліп, студенттерге барлық жағдай жасалды.

Биыл Есболған Тегісбайұлы Тегісбаев 90 жасқа келді. Ол фармация ғылымының кандидаты, доцент, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының құрметті профессоры, Қазақстан Ресей медицина университетінің фармация кафедрасының міндетін атқарушы, профессор. Ол 1932 жылы Ақсу ауданы, Басқан аулында туған. Екінші дүниежүзілік соғыстың әлегінен мектептегі оқуын тоқтатып, 1941-1944 жылдары қаршадайынан колхоздың жұмысына араласқан. Сол себепті Сарқанд аулындағы орта мектепті 1952 жылы 20 жасында тәмамдаған.

Бір қызығы, мектеп пен аудан көлеміндегі қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, 10 сыныпта партия қатарына өткен. Бұл кезде партия қатарына өту - үлкен абырой еді. Ал, мектеп оқушысының партияға өтуі бұрынды-кеш ешқашан болмаған құбылыс. Бұның өзі Есболған Тегісбайұлының бала кезінен алғыр, іскер екенін көрсетеді. Орта мектепті бітіргеннен кейін ол Қазақ мемлекеттік медицина институтының фармация факультетіне оқуға түскен. Институт қабырғасында да өзінің қатарларының алдында жүретін ол студенттер мен оқытушыларының көзіне түсіп, кәсіподақ комиеттінің төрағасы қызметіне сайланады, Қазақстан медицина қызметкерлері кәсіподағы Орталық комитетінің президиум мүшесі міндеттерін атқарады. Сөйтіп, соғыстан кейінгі ауыр кезеңдерде студенттердің тұрмыстық жағдайларын жақсартуға қомақты үлес қосқан. Ол институтта оқып жүргенде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметовтың ұлы Нойылмен дос болып, оның үйіне барып тұрыпты.

Бірде Ж.Шаяхметов: «Халің нешік? Институтта оқып жүрген студенттердің жағдайы қалай?» деп сұрақ қояды. Сонда Есболған институтта соғысқа қатысқан, отбасын құрған адамдар да оқитынын, жатақханаларда төсек-орын жетіспейтінін, студенттер арасында сырқаттардың көптігін, тамақ тапшылығын айтып береді. Көп ұзамай-ақ мединституттың жатақханасына төсек-орын бөлініп, науқас балаларға медициналық жәрдем көрсетіліп қана қоймай, жатақхананың жанынан ауылдан келген қыз балаларға арналған 100 орындық интернат ұйымдастырылыпты. Бұл студенттер толығынан мемлекеттің есебінен тамақпен, киіммен қамтамасыз етіледі. Әрине, бұл жұмыстың орындалуында сол кезде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі болған Сibaғатулла Қарынбаевтың зор еңбегін атамай кетуге болмас. Дегенмен, бұл үлкен істің бастамашысы болған және институт ішінде жүзеге асырған Есболған Тегісбаев еді.

Кеңестер одағы кезінде студенттерді қыркүйек-қараша айларында ауыл шаруашылық жұмыстарға жұмылдыратын. 1953 жылы екінші курста оқып жүрген Есболған Тегісбаев партия қатарында болғандықтан, студенттерді басқарып Оңтүстік Қазақстан облысында Мақтаарал ауданына мақта жинауға алып барады. Қарлы-боранды күндері мақта жинаған студенттердің ауыр жағдайы туралы Мәскеудегі И.Сталиннің орнындағы Г.М.Маленковтың атына жеделхат жолдағанын Есболған Тегісбайұлының ерлігі емес пе? Екі күннен кейін Кеңес Одағы Министрлер кеңесінің төрағасы Косыгин Ташкентке келді деген хабарды радиодан есіткен.

«Ертеңіне үстерінде ұзын плащ киген екі кісі келіп, мені шақыртып, телеграмманы кім бергізді? Қасында біреу болды ма?» деп менен жауап алды. Мен бар шындықты жасырмадым. Ешкім маған айтқан жоқ. Жанымда бөтен адамдар болған емес, жеделхатты өзім жібердім» дедім. Екеуі кеткеннен соң Косыгиннің көмекшісі келіп студенттердің жағдайын өз көзімен көріп, қағазына жазып алып кетті. Ертесіне бір машина азық-түлік, фуфайка шалбарымен, керзі етіктер жеткізіліп, студенттердің жағдайы біршама жақсарып қалды» деп еске алады Есболған ағай.

Есболған Тегісбайұлы 1957 жылы мединституттың фармация факультетін бітіргеннен кейін облыстық бақылау-аналитикалық зертхананы тұңғыш ұйымдастыру үшін Талдықорған қаласына барады. Онда екі жыл нәтижелі әрі абыройлы жұмыс атқарып, ол 1959 жылы өзі бітірген институтқа ғылыми-педагогикалық жұмысқа оралады. Фармациялық химия кафедрасында оқытушы болып жүріп, Қазақстанның дәрілік өсімдіктерін зерттеу бойынша 1967 жылы кандидаттық диссертация қорғап шығады. Содан 40 жылдан астам фармациялық, бейорганикалық, аналитикалық және токсикологиялық химия кафедраларының меңгерушісі қызметтерін атқарады.

1979 жылы Қазақстан үкіметінің тапсырмасы бойынша Есболған ағай Алматы мемлекеттік медицина институтының Шымкент қаласындағы тұңғыш фармацевтикалық филиалын ұйымдастырып, басқаруға жіберіледі. Ол қысқа мерзімде бұл оқу орнының сол кездегі талаптарға сай материалдық-техникалық іргетасын қалыптастырып үлгерді. Онда фармация және түбегейлі пәндер бойынша жаңа оқу-әдістемелік нұсқаулар мен құралдар, бағдарламалар жинақталады. Оңтүстік Қазақстанда үлкен фармациялық кітапхана ашылды, шипалы шөптердің питомнигі, студенттерге арналған 150 орындық спорттық-сауықтыру кешені салынды. Бұл келтірілгендердің барлығы тек айтуға ғана жеңіл. Ал, іс жүзінде олар үлкен қажыр мен қайратты, ауыр еңбектенуді талап ететін жұмыстар.

Есболған ағайдың бұл филиалдың жұмысын ұйымдастыруда М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен, И. Сеченов атындағы 1-медицина институтымен, Пятигорскінің фармация институтымен, Киев, Ташкент қалаларындағы мединституттармен тығыз байланыста болып, олардан көрнекті білгір фармация ғалымдарын шақырып, бізге дәріс оқығанын айта кетуді жөн көріп отырмын. Фармацевтикалық химиядан Мельентева, Фармакогнозиядан Арзамасцев, Дәрілік заттар технологиясынан Крамаренко т.б. дәріс берді. Осының барлығы Есболған ағайымыздың ұйымдастыруы мен іскерлігінің арқасында болғанын атап айтуымыз керек деп ойлаймын. Осындай іс-шаралардың нәтижесінде бұл ұжым, оның 10 жыл басқаруымен, фармация мамандарын дайындауда үлкен жетістіктерге жетіп, филиалдық дәрежеден өз бетінше бөлек, ірі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина институты дәрежесіне дейін көтерілді. Есболған Тегісбайұлы Оңтүстік Қазақстан облысын медициналық мамандармен қамтамасыз етуде үлкен қомақты үлес қосты. Оның басқаруымен 1000-нан астам оқушы балалар Орталық медициналық жоғары оқу орындарына арнайы бағдарламамен оқуға түсті.

1990-1994 жылы Есболған Тегісбайұлы Алматы мемлекеттік медицина институтының проректоры қызметін атқарды. Бұл кезеңде де жоғары оқу орындарының

ұйымдастырушысы, оқу-әдістемелік жұмыстардың білгірі ретінде көріне білді. 20 жылдан астам уақыт институттың студенттерді қабылдау комиссиясын басқарды.

2002 жылы Оңтүстік Қазақстан медицина университетіне ауысып, ректордың кеңесшісі, фармация мен стоматология факультеттерінің деканы қызметтерін атқарады. Есболған Тегісбайұлы қалалық және аудандық партия комитеттерінің мүшелігіне, қалалық және аудандық кеңестердің депутаттығына бірнеше мәрте сайланды. Ол Оңтүстік Қазақстан облысында мейірімділік және денсаулық қорының төрағасы, «Новое в медицине и фармации» журналының және «Қазақстан. Кто есть кто в медицине» кітабының редакциялық кеңесі төрағасының орынбасары, «Фармация» журналының редакция мүшесі т.с.с. қоғамдық жұмыла қатысады.

Есболған ағайымыздың Қазақстан фармация ғылымы дамуына айтарлықтай үлес қосқанын атпай кетуге болмайды. Ол 100-ден астам ғылыми еңбек жариялаған, фармация бойынша өткізіліп тұратын әртүрлі деңгейдегі конференциялар мен съездерге ұдайы қатысып тұрады. Оның басқаруы кезінде Алматы мемлекеттік медицина институтының Шымкенттегі филиалында 26-дан астам қызметкер ғылым кандидаты атағына диссертация қорғады. Олар қазіргі Оңтүстік Қазақстан фармация академиясында, отанымыздың ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарында және шетелдерде нәтижелі қызметтер атқаруда.

Есболған Тегісбайұлының атқарған қызметтері мемлекет деңгейінде жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» «Қажырлы еңбегі үшін» «1941-1945 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл, 75жыл» медальдарымен, Қазақстан Республикасының «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

Есболған ағайымыздың іскерлігімен қатар адамгершілік қасиетіне тоқталмай кетуге болмас. Соның бір көрінісі ретінде оның өткенді сыйлауы, өзінің ұстаз тұтатын адамдарын ұдайы есте сақтап, оқушыларға үлгі етуін келтіруге болады. Ол өзіне ұстаздық еткен Сibaғатулла Қарынбаевты, Қожахмет Шуақовты, Тихон Федорович Ильинскийді, Михаил Дмитриевич Исаевты үлкен құрметпен, әрдайым жақсы лебізбен есіне алады. Олар да Есболған Тегісбайұлына үлкен сеніммен өз баласындай қараған сияқты.

Соған бір мысал. С.Қарынбаевтың Есболған ағайымыздың 50-жылдығымен құттықтау хатында: «....У тебя есть все данные быть полезным человеком в деле, которому ты служишь. Счастье желаю....да, конечно счастье необходимо, но какое? Есть счастье случай - это бог с ним. Хотелось бы счастье пришло как заслуга!» деуінде үлкен мән жатқан жоқ па? Осының өзінде ұстаздың оқытушысын тәрбиелеу үлгісі көрініп тұр. Осындай ұстаздардан тәрбие алған Есболған ағайымыздың ізгі ниеттілігі, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі және парасаттылығы, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынасты жұмысқа деген іскерлігін ұштап тұрады. Ол осы қасиеттерімен, қарамағындағыларға ұрыспай, айқаламай-ақ айтқанын істете алатын. Бұл кісінің жүріп өткен өнегелі жолы мен таңғажайып өмірі баршамызға үлгі боларлықтай. Есболған Тегісбайұлының 90 жылдық мерейтойы құтты болсын, ары қарай да жасай беріп, оқушыларына беретін білімі мен үлгісі таусылмасын дейік.

Астана медицина институтында қазіргі таңда Қазақстан Республикасының лауреаты, фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор Арыстанова Танагүл Әкімбайқызы, фармацевтика ғылымының докторы, профессор Арыстанов Жалғас Мерғалиұлы, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясындағы фармацевтика ғылымының докторы, профессор Сағындықова Баян Ахметқызы, осы институттың фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасының меңгерушісі, фармацевтика ғылымының докторы, профессор Ордабаева Сәуле Құтымқызы, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің биохимия кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымының кандидаты, 1984 жылдың түлегі Оразғалиев Кенжебек Шеркешбайұлы, Орал қаласындағы

медициналық колледжі фармация бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, 1986 жылдың түлегі Жидебаева Сара Досмұханқызын зор құрметпен айтуға болады.

Жақында Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында, осы оқу орнының алғашқы ректоры Есболған Тегісбаев атындағы оқу аудиториясы салтанатты жағдайда ашылып, осы академияның акционерлік қоғамының құрылтайшысы, облыстық мәслихаттың депутаты Сейтжанов Серікжан алқызыл лентаны қиып, алдағы уақытта фармация мамандарын даярлауда үлкен үлес қосатынына зор сенім артып, жылы лебізін білдірді. Осы салтанатты жиында академияның ректоры Рысбеков Мырзабек, 1981 жылы фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасы ашылып, меңгеушісі Тегісбаев Есболған ағайдың еңбегін айтып және осы кафедраға 40 жыл, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толу қарсаңына сәйкес келіп отырғанын атап көрсетіп, кафедра меңгеушісі, фармацевтика ғылымының докторы, профессор Ордабаева Сәуле Құтымқызы басқарып отырған ұжымды құттықтап, осы кафедра академиядағы ең алдыңғы, жетекші кафедра екеніне еш шүбә келтірмеймін» деп бағалағаны ағайымыздың еңбегінің айқын көрінісі.

Осы мейрамның қарсаңында, аудиторияның ашылуына байланысты, профессор Сәуле Ордабаева халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференция ұйымдастырып, көптеген елдің, атап айтқанда, Мәскеу, Санкт-Петербург, Душанбе, Уфа, Ташкент медицина-фармацевтикалық университеттерінің ғалымдарының қатысуымен онлайн-конференция өткізді. Осы орайда конференцияның құрметті қонағы Тегісбаев Есболған Тегісбайұлы болғанын айтқан кафедра меңгерушісі, профессор Ордабаева Сәуле Құтымқызына алғысым шексіз. Есболған ағайымыз кезінде отбасындағы жағдайы өте ауыр, жетім-жесір, мүгедек студенттерге әкесіндей қамқор болып, киім-кешек, оқу құралдарын, қалталарына осы заттардың байғазысы деп ақшалай көмек көрсетіп, каникул кезінде Сарыағаш шипажайларына тегін жолдама бергізгенін әлі күнге дейін ұмытқан емес. Осындай тәлім-тәрбие көріп өскен 1984 жылдың түлегі, аудандық мәслихаттың бірнеше дүркін депутаты болған, Қазақстан Республикасы Денсаулық ісінің үздігі Әлжігіт Тұйғынбектің бастамасымен Есболған Тегісбаев атындағы қор ашылып, сол академиядағы өздері жақсы оқитын, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан студенттерге біржолғы Есболған Тегісбаев атындағы степендия тағайындалып берілді. Бұл бастаманы академияның ректораты, деканаты аса зор құрметпен көңіл бөлгеніне Есболған ағайымыз жылы лебізін білдіріп, рахметін айтуда.

Ол кісінің шәкірттері Америка Құрама Штаттарында, Англияда, Францияда, Израильде, Германияда еңбек етіп жатыр. Германиядағы шәкірті, 1986 жылдың түлегі Сихвард Андрей Есболған ағайды 90 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық тілей отырып, басқа да шет елдердегі шәкірттер қосылу үстінде. Сол студенттік жылдарға көз жіберіп қарасақ, ректорымыз Есболған Тегісбайұлы Тегісбаевтың әкедей қамқорлығы, темірдей қатал талап қойып, оқуды, ғылыми-тәжірбиеге ұйымдастыруының арқасында қол жеткізіп, алғашқы студенттердің өз-өзін басқарудағы жұмысын ең бірінші жолға қойылуының өзі осы ағайымыздың орасан зор еңбегі деп білеміз. Сол кездегі «Правда» газетінің тілшісі ағайымыздан сұхбат алып, оны саяси орталық газетке жариялапты. Ал ағайымызға он күндік, Мәскеудегі орталық коммунистік саяси бюросы партиясының саяжайына демалуға жолдама берілген.

Біздің институтта оқитын студенттер институттың қоғамдық-саяси өміріне белсене ат салысып, сол кездегі алпауыт Қазақ химия технологиялық университеті, Педагогикалық институттары студенттерінің «Студенттік көктем» атты жас көркемөнерпаздар үйірмесінің жарысына қатысып, көптеген номинацияларында бірінші орынды иемденуінің өзі осы Есболған ағайымыздың тікелей басшылығының арқасында қол жеткізілді десем артық айтпағандық болар еді. Атап айтқанда, би үйірмесі, хор, домбыралық оркестр, спорт

жағынан сол кездегі Бүкілодақтық медицина институттарының қыздар арасындағы волейболдық жарыстан 3 орын алғандығы, осының барлығы Есболған ағайымыздың зор еңбегі.

Бізде 1 қыркүйек күні сабақ басталып, 1 қазаннан желтоқсан айына дейін мақта теруге Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы «Победа» колхозына студенттік жұмыс шаруашылығына аттанамыз. Мақта теру әсіресе, басқа облыстардан келген студенттерге қиын соғатын, бірақ артынан үйреніп кететінбіз. Мақтаралда арнайы жер бөлініп, студент-терге екі қабатты жатақхана салдырып, екі ярусты темір керуетпен, төсек-орындармен жабдықталып, асхана, емхана, кешкі уақытта би билеуге арналған би алаңы, осының барлығын Есболған ағайымыздың тікелей басшылығымен ұйымдастыруының арқасында қол жеткізгенін айта кету керек.

Есболған ағайымыз осы жатақхананы салдыртып болғаннан кейін жабдықтау мәселесіне, сол кездегі жергілікті басшылардың көмектескенін ерекше есіне алып отырады. Бұл әңгіме өсіп келе жатқан келер ұрпаққа тәлім-тәрбие, үлгі болатынына сенімім зор.

Фармацевтика факультетінде Ботаника, Фармакогнозия деген сабақтар болады. Әр семестрден кейін оқу тәжірбие жұмыстары басталып, студенттер бұрынғы Леңгір ауданы, Қасқасу елді мекенінің Керегетас деген жеріне барып, дәрілік өсімдіктермен танысып, гербарий жинайтын.

Студенттер тек қана біздің институттан емес, басқа да фармацевтикалық жоғарғы оқу орындарынан, Харьковтен, Ташкенттен, Бішкектен студенттер келетін. Осының барлығы Есболған ағайымыздың шебер ұйымдастыруының арқасында қол жеткізгенін айта кеткім келеді. Керегетастың табиғаты сондай керемет, ауасы таза, дәрілік өсімдіктерге бай, таулы-тасты, ағып жатқан мөлдір бұлақтарымен баурап алады.

Есболған ағайымыз осы питомник туралы Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысына барып жер сұрайды, екінші хатшы: «Жүріңіз» деп «Волга» автокөлігіне отырғызып, Шымкент қаласының шет жақтарын көрсете бастайды. Осылай күнде-күнде, біресе ана жерге, біресе мына жерге апарып, он күндей өтті. Бірақ, маған көрсеткен жерлері ұнамады. Тағы бір күні бір жерге барып тұрғанда, екінші хатшының бетіне тура қарап: «Жолдас хатшы, осы жер мәселесі туралы В.И. Ленин 1917 жылы декретке қол қойған жоқ па? Менің көздеген жерімді неге шешпейсіз?»-деп айтып салады. Екінші хатшы мәшинесіне мініп кетіп қалды. Осы сөзден кейін екінші хатшының көмекшісі Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі бірінші хатшысына айтқан болу керек, Асанбай Асқаров екінші хатшыны шақырып алып: «Тегісбаевтың айтқан сөзіне түсіндіңіз бе? Не деген астарлы сөз! Сұраған жерін беріңіздер!» деп айтқан екен. Осылай Керегетастан Есболған ағайымыздың арқасында питомник ұйымдастырылды.

Тәлім-тәрбие деп отырғаным, осындай бір ауыз сөзді түсініп, аса жауапты шаруаны шешкен сол кездегі аудан, облыс басшыларын Есболған ағайымыз зор құрметпен есіне алып, рахметін айтып отырады.

Тегісбаев Есболған Тегісбайұлы 90 жасқа келсе де әлі тың, ой-өрісі мұқалмаған, әр уақытта ақыл-кеңесін айтып отырудан әлі жалыққан емес. Қоңырау шалсаңыз, дауысыңыздан бірден танып, хал-жағдай сұрай бастайды. Әр уақытта университеттің, фармацевтикалық факультеттің студенттері ағайымыздың ұйымдастыруымен ғылыми-конференция өткізеді. Осындай игі іс-шаралардың басы-қасында жүретін Қазақстан-Ресей медицина университетінің ректоры, медицина ғылымының докторы Жайнақбаев Нұрлан Темірбекұлына да айтар алғысым шексіз» дейді ағайымыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың республика халқына жолдаған Жолдауларын көгілдір экраннан тыңдап, ақпарат құралдарынан оқып, студент жастар арасында уақтылы кеңінен талқылауға салады. Олардың болашаққа деген ынта-

жігер арттырып, патриоттық сезімдерін ұштауға бейім Есболған ағайымыз 90 жасқа келсе де бір жалыққан емес.

Құрметті ұстаздарымыздың ұстазы, ректорымыз болған Есболған ағайымызды барлық шәкірттеріңіздің атынан шын жүректен 90 жас меретойымен құттықтаймыз.

Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат тілеймін! Еңбегіңіз Үкімет тарапынан ескеріліп, зор марапатқа ие болады деген сеніміміз зор.

Т.Б. Байзолданов

Қазақстан – Ресей медицина институты

БІР ҰСТАЗ ТУРАЛЫ

(ПРОФ. Е.Т ТЕГИСБАЕВТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙ ТОЙЫНА АРНАЛАДЫ)

Проф. Есболған Тегісбайұлы Тегісбаев өзінің 90 жасқа толу мерей тойын белсенді еңбек үрдісімен, Қазақстан-Ресей медицина университеті, Фармация кафедрасының меңгерушісі лауазымында қарсы алуда.

Есболған Тегісбайұлы бұрынғы Талды Қорған, кәзіргі Жетісу облысы, Ақсу ауданы Басқан ауылында, 1932 жылы дүниеге келген. Профессордың балалық шағы сұрапыл Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдарына тұстас келді. Иә, ол жылдар сол кездегі жастардың, ересектермен қатар еңбекке араласып ерте есеюіне, көптеген адами қасиеттерді – адалдық, еңбекқорлық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, қоғам алдындағы жауапкершілік, қиындыққа төзе білу т.б. бойларына сіңдіруіне және осы ұстанымдарды проф. Тегісбаевтың азамат ретінде өзінің өмір салты ретінде ұстауға зор ықпал етті.

1951 жылы ол Қазақ мемлекеттік медицина институты (ҚазМИ, кейінірек Алматы мемлекеттік медицина институты – АММИ, кәзір - Қазақ Ұлттық медицина университеті – ҚҰМУ) фармация факультетнің 1 курсының студенті ретінде қабылданды және оқытушыларының сеніміне байланысты студенттердің кәсіподақ ұжымының басшылығына ұсынылып, сенімді артығымен ақтады. Ол жылдары соғыс зардаптары кесірінен елдің әл-ауқаты әлі қалыптаса қоймаған, сондықтан студенттер арасында әлеуметтік мұқтаж студенттер баршылық еді. Осы факторларды ескере отырып, ҚазМИ студенттері кәсіподақ басшысы Е. Тегісбай студенттер арасындағы мұқтаж студенттерге материалдық көмек және олардың денсаулықтарын тексеру және сақтау бағытында, тұрақты диспансерлік байқаулар өткізуді институт басшылығының алдына өзекті мәселе ретінде қоя білді. Нәтижесінде біраз студенттер материалдық көмек алды және ауру студенттер дер кезінде дәрігерлік көмек алып денсаулықтарын түзеп оқуларын жалғастырған. Сонымен қатар әлеуметтік мұқтаж студенттер үшін, басқа ЖОО жоқ интернат ҚазМИ де ашылып соңғы уақытқа дейін жұмыс істеп келді. Осы істі тәжірибеге ендіру, студент Тегісбайұлының тікелей инициативасы, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қолдауы және институт басшылығы арқылы іске асырылды.

Кеңес үкіметі тәжірибесінде орын алған, студенттерді еңбек майданында пайдалану әдетті іс болатын. Сондай бір кезеңде жергілікті басшылықтың, ауа райы қолайсыздығына қарамай, студенттерді төзімсіз жағдайда жұмысқа тартылуының келеңсіз және денсаулыққа қауіпті әсері бар екендігіне көзі жеткен студент Тегісбайұлы Кеңес үкіметі орталық партия комитетіне, коммунист ретінде дабыл қағып, студенттердің аман-есен оқуын жалғастыруына себепкер болған. Әрине, осы жағдайға байланысты арнаулы орган қызметкерлерінің өзіне деген күдіктері туралы, профессор Тегісбаев тыңдаушыға сыпайы ғана жеткізетін.

Сонымен қатар, проф. Тегісбаев ұстаздық жолындағы жас әріптестеріне, «студенттер елдің келешегіне жауапты» болатынын ұмытпай, оларға ақылшы, тәрбиеші, қамқоршы және жалықпый ұстаздық етуге шақырып отыратын қасиеті. Бұл профессордың бойына, жас кезінен сіңген «жауапкершілік» қасиеті басқаларға әлі үлгі болып келеді. Осы қасиеті оның Алматы мемлекеттік медицина институты проректоры ретінде Шымкенттегі филиалын ұйымдастыру кезінде нақты байқалды. Студенттер жатақанасы ретінде коммуналдық қызметі толық қамтылған тұрғын үй пайдаланылды. Студенттерге арналған спорт зал, кітапхана, үйірмелер т.б. ұйымдастырылды. Филиалдың көркем-өнерпаздар ұжымы, облыс масштабында өткізілетін шаралардың мәдени бағдарламалын қамтамасыз етті.

Профессор әрбір студенттің тұрмыс жағдайын білуге, көмекке келуге дайын болатыны көпшілікке аян еді. Сондықтан профессордың студенттер және әріптестері арасында абыройы әрқашан жоғары болды және болып келе жатыр. Соған бір мысал: Болашақ бір профессорымыз институт ғимараты ауласында темекі шегіп тұрған кезінде, Есболған Тегісбайұлының келе жатқанын көріп, амандасу үшін қолындағы темекі тұқылын тастайтын арнаулы орын болмауына байланысты, қалтасына сала салады, аман саулықтан кейін оқытушымыздың қалтасы түтіндей бастайды. Бұның себебін түсінген профессор Тегісбайұлы оқытушыға ештеңе айтбай, ескерту жасамай, жұмысын сылтаулатып тез кетіп қалады. Бұл оқиғаның бұлай дамуының себебі, институт аймағы «темекісіз аймақ» деп аталуында еді.

Ал оқытушымыздың іс-қимылын, институт басшысы проф. Тегісбаевтың қатаң сақтайтын ЖОО ғимараты кешеніндегі тәртіпті орындауы және институт басшысына деген құрметі деп түсіндіруге болады.

Проф. Тегісбаев тек қатаң басшы емес, адам жанын түсіне білетін психолог ретінде белгілі. Оған мысал: «Еңбек семестрі» аталған студенттер және оларға басшы ретінде оқытушылар мақта теріміне баратын. Сол кездегі бір оқиға әлі есімде. Ересектеу бір оқытушымыз студенттермен жұмыстан лагерьге оралған кезде, оң аяғын ауыртып алғанын көрсетіп, профессордың қасынан әрең жүріп өтеді, ертеңінде жұмысқа кетіп бара жатып, енді сол аяғына ақсап, профессордың қасынан тағы әрең жүріп өтеді. Осының бәрін мүлтіксіз байқаған профессор оны бір аптаға демалысқа жібереді және егер олай істемесе арада конфликттік жағдай туындайтыны мүмкін еді. Демалыстан кейін оқытушы профессордан өткендегі көрністер үшін кешірім сұрап, шынында қатты қажығандақтан солай істегенін айтады.

Проф. Тегісбаев өмірде өте қарапайым. Оның дәлелі – еңбек семестрі кезінде оның жұмыс орнының тек институт кабинетінде ғана емес, өзінің коллективімен бірге болуында және шешілуі тиіс, кезек күттірмейтін мәселелердің дер кезінде шешілуінде еді.

Проф. Е. Т. Келешек фармация саласының мамандарын дайындаудағы еңбегі орасан десе артық бағалау емес екендігі айдан анық және бәрімізге мәлім. Проф. Е. Тегісбаев ЖОО 1959 жылдан бері қызмет етіп келеді. Сол жылдары профессордың алғашқы оқытушыларының бірі ҚР ДСМ үздігі жоғары білімді фармацевт, Оңтүстік Қазақстан облысының денсаулық саласының құрметті қайраткері Койшиев Жұмабек былай есіне алады.

Біздер 3 курста фармацевтикалық химия пәні бойынша Есболған ағайдан дәріс алдық. Пәнді жақсы дәрежеде игеруімізге ұстазымыздың бізді оқу материалына деген қызығушылық туындата алу шеберлігі арқасында еді. Сонымен қатар, бізді ғылымға жетелеуге де үлес қосты. Ол үшін бәрімізге жзғы демалыста орындау үшін қызықты ғылыми тақырыптар ұсынды. Тек ұсыеыстар беріп қоймай, тапсырманы толық орындауымызды қадағалады.

Профессордың студенттермен тығыз жұмыс істеу дағдысы оның ғылымға бейім түлектерге аспирантура арқылы ғылым жолына түсуіне ықпал етті. Олар Есболған Тегісбай ұлының үмітін ақтап ғылым кандидаты, ғылым докторы дәрежелеріне қол жеткізді. Еліміздің алғашқы, өзінен кейінгі ғылым кандидаттары Э.Б. Бисенбаев, А.С. Бейсенбеков, А.Г. Мухамедғалиев, У.М. Мурзағалиев, Р.Д. Дильбарханов, Б. Махатов, Р.А. Абдулабекова, Б.А. Сағындықова және т.б. аты аталмаған ғалымдар ұстаздың (Е.Т. Тегісбаев) кеңесіне ұақытында ден қойғандар еді.

Проф. Тегісбаев фармация факультеті студенттеріне қазақ тілінде дәріс берген алғашқы ұстаз болса, кәзір мемлекеттік тілде дәріс берушілер қатары көбейді, олар қазақ тіліндегі оқулықтар авторлары - А.Б. Шүкірбекова (токсикологиялық химия), Б. Қ. Мақатов (фармакогнозия), Б.А. Сағындықова (дәрілер технологиясы) және басқалар.

Есболған Тегісбайұлы фармация факультетінің жоғарғы оқу орнына шақырылған алғашқы түлегі болуымен қатар, алғашқы ғылыми диссертация қорғаған ұлттық фармация ғылым кандидаты. Жас ғалым өзінің ғылыми ізденістерін орындауда өзбек ғалымдарымен (Х.Х. Халматов, Л.Т. Икрамов т.б.), олардың ішінде академик Н. Аубакировпен тығыз байланыста болды. Сондықтан болар, диссертация Ғылыми Кеңес мүшелерімен, жұмыстың көлемі және мазмұны бойынша бірауыздан жоғары бағаланып, докторлық диссертация ретінде қайта қорғалуын ұсынған еді. Осы ғылыми байланыстар Е.Тегісбайұлы кейін Алматы медицина институты қабырғасында және Шымкент медицина Академиясында белгілі ғалымдармен (П.Л. Сенов, А.П. Арзамасцев, В.Г. Беликов, В. Ф. Крамаренко, А.И. Тенцова, Г.И. Глызин, А.А. Попков т.б.) жалғасу нәтижесінде ҚР фармация ғылыми саласы ғылым кандидаттары мен докторларымен толықты.

Тағы бір айта кететін жағдай, ол профессордың Қазақстандық ғалымдармен (марқұм Р.Д. Дильбарханов, У.М. Датқасев, З.Б. Сакипова, А.Р. Шопабаева, Қ.Қ. Қожанова т.б.) және кафедрадағы әріптестерімен үнемі пікір алмасып отыруы.

Қорыта келгенде, айтарымыз профессор Есболған Тегісбайұлы Тегісбаев өз ортасында қадірлі, жоғары жоғарғы оқу орнының тәжірибелі ұстазы, жас әріптестерінің, әсіресе студенттердің қолдаушысы, немерелерінің ардақты атасы, әкесі және жанұясының арқа сүйері.

Проф. Есболған Тегісбайұлына алдыңғы өмірінде зор денсаулық, ұзақ өмір, еңбегіне лайық құрмет тілейміз, оқушылары және әріптестері атынан: осы айтылғандардың, оқиғалардың 1963 жылдан бері куәгері – фармация ғылымының проф. Төлеген Байзолдаұлы.

Уразғалиев К.Ш.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ, Ақтөбе қ., Маресьев көшесі, 68, e-mail: svet.tolga@mail.ru

ФАРМАЦЕВТИКА АБЫЗЫ

Есболған Тегісбаев жайлы бірер сөз ...

Есболған Тегісбаев – Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының негізін қалаушы. Ол 1932 жылы дүниеге келген. Фармацевтика ғылымдарының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының құрметті профессоры, Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің құрметті профессоры, Қазақ-Ресей медициналық университеті фармацевтика кафедрасының меңгерушісі, профессор.

1979 жылы Шымкент қаласына бастау алған бұлақ бүгінде қазақ фармациясының үлкен дариясына айналды. Қазіргі қазақ фармациясының Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы фармацевтикалық факультетінің түлектерінсіз елестету мүмкін емес. Бұл жетістіктер осындағы ұстаздар мен алғашқы студенттердің, институт басшыларының адал еңбегінің, мемлекет қамқорлығының жемісі деуге болады.

Біз үшін бұл оқу ордасының негізін қалаған, алғашқы он жыл бойына (1979-1989) басшылық жасаған Есболған аға Тегісбаевтың тұлғалық орны ерекше. Ол кісінің ұстаздар мен студенттерді, биліктегі басшы азаматтарды шеберлікпен үйлестіре білуінің арқасында Фармацевтика факультеті он жылдың ішінде Шымкенттегі жоғары оқу орындары арасында сегіз рет құрмет тақтасына ілініп, бүкіл Кенестер Одағы бойынша отыз шақты фармацевтикалық институттар арасында алдыңғы ондықтан көрінуінің өзі үлкен мәртебе еді.

Жаңадан құрылғанына қарамастан сол кездегі Кеңестер одағындағы (Москва, Киев, Ташкент, Пятигорск, т.б.) ең білікті, абыройлы алдыңғы қатардағы фармация саласындағы ғалымдарды шақыртып, түрлі кездесулер өткізетін. Атап айтсақ, А.П.Арзамасцев, Н.А.Тюкавкина, В.А.Попков, В.Г.Беликов, И.А.Муравьев, Д.А.Муравьева, В.Ф.Крамаренко және Х.Х. Халматов сынды академик, ғалымдардың алдын көріп, лекцияларын тыңдау мүмкіндігіне ие болдық. Бұл да болса институт басшысы Е.Тегісбаевтың іскерлігін, ізденімпаздығын көрсетсе керек.

Білікті кадр даярлауға баса көңіл бөлгендіктен шығар, бүгінде бұл білім ордасының түлектері еліміздің әр түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр. Соның ішінде өзіміз жақсы білетін оқытушы, ғалым, профессорлар А.Патсаев, Р.Аддуллабекова, Б.Сағындыкова, Ж.Арыстанов, Т.Арыстанова, И.Забиров, Н.Орманов, Қ.Құдабаев, Н.Жұмабаев, Е. Әбдіқұлов, Р.Чукурова және Р.Калашникова ел құрметіне бөленді.

Біздер оқуды бітіріп, еңбекке араласқан кезде институтта лабораториялық-техникалық құрал-жабдықтардың үлкен базасы бар екенін білдік. Оқыту жүйесінің ұйымдастырылуы дәріханалардағы практикалық фармациядан анағұрлым озық та жоғары деңгейде болғандығына көзіміз жетіп, ұстазымыз Е.Тегісбаев пен оқытушы-ғалым жетекшілерімізге дән риза болдық. Студенттердің бойына терең біліммен бірге мәдениеттіліктің, ізгіліктің дәнін сеуіп, үлкен өмірге жолдама берген ұстаздардың еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Есболған ағадан телегей-теңіз тәрбие мен білім өнегесін алған сан мыңдаған шәкірттер қазақ фармациясының абызы алдындағы өлшеусіз парыздарын сезіне отырып оған бас иеді әрі ұстазын мақтаныш тұтады!

Ж.М. Арыстанов, К.К. Жалдыбаев

Кафедра фармацевтических дисциплин НАО «Медицинский университет Астана»
Кафедра «Фармации», НУО Казахстанско-Российский медицинский университет

**Е.Т. ТЕГИСБАЕВ – УЧЕНЫЙ, ПЕДАГОГ И ОРГАНИЗАТОР ВЫСШЕГО
ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

15 января 2022 года исполнилось 90 лет со дня рождения ученого, педагога и крупного организатора высшей фармацевтической школы в Республике Казахстан Есболган Тегисбаевича Тегисбаева. С его именем связана становление и развитие Южно-Казахстанской медицинской академии.

У Есболган Тегисбаевича был истинный дар и удивительная организаторская способность, поэтому хотелось заострить внимание на крупную педагогическую и организаторскую деятельность в развитии высшей фармацевтической школы в Республике Казахстан.

Есболган Тегисбаевича отличает предельная тщательность, порядочность и требовательность, прежде всего к себе и ко всему профессорско-преподавательскому составу. Ему удалось организовывать на высоком уровне работу бывшего Шымкентского филиала Алматинского государственного медицинского института (ШФ АГМИ), ныне Южно-Казахстанской медицинской академии.

Под руководством Есболган Тегисбаевича в ШФ АГМИ создавались благоприятные условия для творческой работы преподавателей, сотрудников и студентов. Талантливый организатор Е.Т.Тегисбаев много сил тратил на совершенствование учебного процесса и в результате ШФ АГМИ стал одной из ведущих региональных центров по подготовке фармацевтических и медицинских кадров в республике.

Опираясь на накопленный опыт подготовки фармацевтических кадров, пристальное внимание он уделял вопросам современного высшего фармацевтического образования, создавал методическую базу, готовил профессорско-преподавательский состав через целевую аспирантуру в Москве, Ленинграде, Киеве, Ташкенте и в других городах СССР.

Заботясь об укреплении материально-технической базы ШФ АГМИ новых корпусов и зданий, Есболган Тегисбаевич не забывал о научно-педагогической и воспитательной работе в коллективе, о создании новых кафедр, лабораторий, подборе и расстановке преподавательских кадров и ученых.

За короткий срок были созданы все условия для учебы и отдыха студентов и преподавателей. ШФ АГМИ располагал всей необходимой учебно-лабораторной базой (аудитории, читальные залы, специализированные кабинеты и лаборатории и т. д.).

Есболган Тегисбаевичом много сделано для расширения сотрудничества ШФ АГМИ со многими учебными заведениями России, Узбекистана, Туркменистана приглашая для чтения лекции студентам и председателями ГЭК ведущих ученых, авторов учебников.

По итогам социалистического соревнования среди вузов СССР в то время, ШФ АГМИ неоднократно вышел победителем.

Возглавляемый им ШФ АГМИ за короткий срок вырос в сильный профессорско-преподавательский коллектив, внесший важный вклад в развитие высшего фармацевтического образования Южного Казахстана.

Где бы ни работал кандидат фармацевтических наук, почетный профессор Южно-Казахстанской фармацевтической академии Е.Т. Тегисбаев, какие бы правительственные поручения были на него возложены, он всегда был примером бескорыстного служения своему делу и своему народу.

Порядочность, доброжелательность, жизненная мудрость и внутреннее духовное богатство Есболган Тегисбаевича являлись примером для его коллег, особенно для учеников.

Многочисленные ученики профессора Е. Т. Тегисбаева – представители высшей фармацевтической школы и практической фармации Республики Казахстан, успешно трудятся в науке, вузах страны и вносят свой вклад в развитие молодого государства.

Каждый, кто приобщался к Есболган Тегисбаевичу, мог очень много получить для себя как со стороны профессионализма, так и в плане воспитания подрастающей смены будущих фармацевтов. Сочетание интеллекта и житейской мудрости, требовательности, заботы о молодых коллегах, студентах делают общение с ним удивительно приятным и полезным.

Ученики и коллеги знают Есболган Тегисбаевича как ученого, педагога, талантливого организатора и ценят профессиональную целеустремленность, ответственность и принципиальность, неиссякаемую энергию, чуткость и внимание к людям, что являются примером достойного служения Отечеству.

Дауренбеков Қ.Н.

«ОҚМА» АҚ, Шымкент қ., daurenbekov.kanat @mail.ru

ҰСТАЗ Е.Т.ТЕГІСБАЕВ «ХИМИЯЛЫҚ ПӘНДЕР» КАФЕДРАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

«Химиялық пәндер» кафедрасы Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында ең алғашқы ашылған кафедралардың бірі болып саналады, оның тарихы мен қалыптасуы бүгінгі күннің мерейтой иесі, ардагер ұстаз Есболған Тегісбайұлы Тегісбаевпен тығыз байланысты. Олай дейтін себебіміз, 1979 жылы тамыз айында Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкент қаласында Алматы мемлекеттік медицина институтының (онан әрі АММИ) филиалы ашылды, оның директоры болып фармацевтика ғылымдарының кандидаты, доцент Тегісбаев Е.Т. тағайындалды.

Сол жылы АММИ филиалында Е.Тегісбаевтың ұйымдастыруымен алғашқылардың бірі болып «Бейорганикалық химия» кафедрасы құрылды, оның меңгерушісі қызметін Есболған Тегісбайұлы 1979 жылдан бастап, 1985 жылы аталмыш кафедраның меңгерушісі болып конкурс бойынша х.ғ.к., доцент А.Б.Ермекбаева сайланғанға дейін, абыроймен атқарды. 1980 жылы Е.Тегісбаев фармацевтика білім беру жүйесіне болашақ кәсіби мамандарды дайындауда қажетті базалық химиялық пәндерді оқытатын бірнеше кафедралардың ашылуына да ұйытқы болды: «Бейорганикалық және физколлоидты химия» – кафедра меңгерушісі, фарм.ғ.к., доцент Тегісбаев Е.Т.; «Аналитикалық және токсикологиялық химия» – кафедра меңгерушісі фарм.ғ.к., Байсолданов Т.Б.; «Органикалық және биологиялық химия» – кафедра меңгерушісі, х.ғ.к., Патсаев Ә.К.

Е.Т.Тегісбаев филиалдың ұйымдастырылуы мен ашылуына, материалдық-техникалық базасының қалыптасып нығаюына, ғылыми - педагогикалық мамандардың дайындалуына және білікті профессор-оқытушылар құрамымен жасақталуына үлкен үлес қосуымен қатар, кафедра меңгерушісі қызметінде де «Бейорганикалық және физколлоидтық химия» кафедрасының аяқтан тұруына, атап айтқанда, ол кафедраны ғылыми дәрежелі білікті мамандармен жасақталуына, материалдық-техникалық базасының нығаюына, жас мамандарды ғылымға тартып, олардың нағыз ғалым-педагог болып қалыптасуына және фармация саласына кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды даярлауға көп еңбек сіңірді.

Алғашқы кезде «Бейорганикалық және физколлоидты химия» кафедрасына студенттерге сапалы білім мен саналы тәрбие беру мақсатында х.ғ.к., доц. Абдилаев Б.А., х.ғ.к. Алибаева Х.Б., х.ғ.к. Джасымбеков А.К., х.ғ.к. Патсаев Ә.К., тех.ғ.к. Пусурманова Т.Ж. жас ғалымдар жұмысқа тартылды, әрине, бұл жас мамандардың ғылыми дәрежелері болғанымен педагогикалық шеберліктері жеткіліксіз еді, міне осы жағынан білім саласының қыр-сырына жетік, тәжірибесі мол ұстаз Есболған Тегісбайұлы олардың кәсіби білімдерін шыңдады, педагогикалық әдіс-тәсілдерді үйретті және олардың біліктіліктерінің жоғарылауына елеулі ықпал етті, соның арқасында олар кейінгі жылдары жоғары білім беру саласында елімізге танымал үлкен ұстаз-ғалымдар қатарына қосылды.

Есболған Тегісбайұлының салған ізімен өзінен кейінгі жылдары химиялық пәндер кафедрасының тарихы келесідей өрбіді: 1988 жылы «Бейорганикалық және физколлоидты химия» кафедрасының меңгерушісі қызметіне конкурс бойынша х.ғ.к., доцент Швец И.С. сайланды. Осы жылдар аралығында кафедрада доц. Швец И.С., пед.ғ.к. Ерімбетова С.К., пед. ғ.к. Чуйкова Н.А., Мамытова В.К., х.ғ.к., доц. Шитыбаев С.А., аға лаб. Есімбекова Е.Д. қызмет атқарды. «Аналитикалық химия» кафедрасының алғашқы негізін қалаушылар қатарында фарм. ғ.к. Байсолданов Т.Б., х.ғ.к. Құралова Н.Т., Сағындықова Б.А. (қазіргі таңда фарм.ғ.д, профессор «Дәрілер технологиясы» кафедрасының меңгерушісі), фарм. ғ.к. Бралинова К., Сабыржанова Ә.П., Кульбаева Ұ.А., Калелова Р, Мадыбекова Г.М., Тастемирова Д.Н. сияқты ұстаздарды атап өтуге болады.

«Органикалық және биологиялық химия» кафедрасының ұйымдастырушысы х.ғ.д., проф. Патсаев Ә.К. болды. Кафедрада білікті мамандар: х.ғ.к., доц. Ильясова М.И., тех.ғ.к., доц. Пусурманова Т.Ж., б.ғ.к., доц. Аханов А.У., б.ғ.к., доц. Жайшибеков Б.С., доц. Қымбатбеков Қ.Қ.,

Шарипов К.О. (қазіргі кезде б.ғ.д., профессор), б.ғ.к., доцент Кенжебеков К.П., Сулейменова Р.Н. қызмет атқарды. 1994 жылы бейорганикалық, физколлоидты, аналитикалық және органикалық химия кафедралары біріктіріліп «Химия» кафедрасы құрылды. Химия кафедрасының меңгерушісі болып конкурс арқылы х.ғ.к., доцент Патсаев Ә.Қ. тағайындалды. Кафедраның қалыптасуына және білікті мамандарды дайындауда айтулы үлес қосқандар қатарына келесі оқытушыларды атап өтуге болады: х.ғ.к., доцент Бақтыбаев О.Б., х.ғ.к., доцент Жасымбеков А.К., х.ғ.к., доцент Садықова Ф.Ж., х.ғ.к., доцент Шитыбаев С.А., х.ғ.к., доцент Ахметова А.А., х.ғ.к., доцент Дауренбеков Қ.Н., х.ғ.к., доцент м.а. Шыназбекова Ш.С., х.ғ.к., доцент Алиханова Х.Б., х.ғ.к., доцент м.а. Туребекова Г.А., х.ғ.к., доцент м.а. Дильдабекова Л.А. және т.б.

2007-2009 жылдар аралығында медбиология, ФГЗ және химия кафедрасы болып, 2009-2018 жылдар аралығында «Фармакогнозия және химия кафедрасы» қайта құрылды. 2013 жылы «Фармакогнозия және химия кафедрасы» жанынан кафедра меңгерушісі х.ғ.д., профессор Ә.Қ. Патсаевтың ұйымдастыруымен және ОҚМА-ның Ғылыми кеңес шешімімен (№1 Хаттама 28.08.2013 ж.) «Дәрілік өсімдіктер ғылыми – зерттеу» зертханасы құрылды. Зертхана жұмысының негізгі мақсаты Қазақстанда өсетін дәрілік өсімдіктерді зерттеп, оның негізінде дәрілік препараттардың субстанциясын әзірлеу еді. 2018 жылы академияның статусы ОҚМА АҚ өзгеріп, сол арада «Химиялық пәндер» кафедрасы болып қайта құрылды, конкурс арқылы кафедраның меңгерушісі болып х.ғ.к., профессор м.а. Дауренбеков Қ.Н. сайланды. Қазіргі таңда Есболған Тегісбайұлы алғашқы болып ұйымдастырған химиялық пәндер кафедрасында «Фармация», «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы», «Жалпы медицина», «Педиатрия», «Стоматология» және «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандықтарының, сонымен қатар орта кәсіптік білім беру студенттері білім алады, қазіргі таңға дейін 7 мыңнан аса түлектер кафедрада өздерінің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын меңгеріп шықты.

«Химиялық пәндер» кафедрасының негізгі міндеттеріне органикалық қосылыстардың теориялық негізіне сүйене отырып, қосылыстарды бөліп тазартуды, синтездеу түрлерін жасауды үйрену; негізгі сапалық және сандық әдістердің жаңа жетістіктерін меңгеру және қазіргі заманғы перспективті талдау әдістерімен жұмыс жасай білу; қосылыстардың өздігінен жүру үдерістерін болжауды және фармацевт тәжірибесінде қажетті заманауи химиялық құралдар мен аспаптар көмегімен физика-химиялық өлшеу әдістемелерін қолдана білуі жатады.

«Химиялық пәндер» кафедрасында оқу үдерісі дұрыс жолға қойылған, материалдық-техникалық базасы нығайған және ғылыми дәрежелі профессор- оқытушылар құрамымен жасақталған. Осы соңғы 10 жыл ішінде 11 оқулық, 3 ғылыми монография және 20-дан аса оқу құралдары баспадан шығарылды, 400-ге жуық ғылыми мақалалар мен баяндамалар тезистері жарыққа шықты. Кафедраның профессор - оқытушылар құрамы академиялық ұтқырлық аясында да шетел және ҚР ЖОО-да студенттерге дәріс оқиды, тәжірибелік сабақтар жүргізеді және әріптестерімен оқу-әдістемелік және ғылыми тұрғыдан тәжірибе алмасады.

Қорыта келгенде, «Химиялық пәндер» кафедрасының іргетасының қалануына және дамуына Е.Т. Тегісбаевтың қосқан үлесі орасан зор, оның басшылығы кезеңінде кафедралар нығайды, білікті мамандармен жасақталды, ғылыми-зерттеу жұмыстары орындалды және материалды-техникалық базасы дамыды. Кафедра ұжымы және шәкірттері атынан Есболған Тегісбайұлын мерейтойымен құттықтап, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық және бақ-береке тілейміз!

Т.Байзолданов, М.Сагин, Д. Амирхожаева, С. Келимханова
Казроссмедуниверситет, кафедра фармации

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ФАРМАЦЕВТА

Актуальность. В профессиональном фармацевтическом образовании интерес и любовь к выбранной профессии достигается путем выработки у студентов правильного представления о своей будущей сфере деятельности. Формирование готовности к различным видам профессиональной деятельности начинается уже в период обучения. Знания, умения и навыки задают обучающимся - Государственный образовательный стандарт (ГОСО РК) по направлению подготовки «Фармация», Профессиональный стандарт специальности, учебные программы, учебно-методические комплексы дисциплин. Подготовка будущего специалиста должна включать в себя не только теоретическую, но и практическую базу знаний. Практические занятия играют важную роль в выработке у студентов навыков применения полученных знаний для решения практических задач совместно с преподавателем.

Цель практических занятий – углублять, расширять, детализировать знания, полученные на лекции в обобщенной форме, и содействовать выработке навыков профессиональной деятельности. Они развивают научное мышление и речь, позволяют проверить знания студентов и выступают как средства обратной связи. Поэтому очень важно организовать практические занятия так, чтобы студенты постоянно ощущали нарастание сложности выполняемых заданий, испытывали положительные эмоции от переживания собственного успеха в учении, были заняты напряженной творческой работой, поисками правильных и точных решений.

Учитывая, наш большой практический опыт обучения, считаем что важнейшее значение имеют индивидуальный подход и продуктивное педагогическое общение. Индивидуальный подход к каждому студенту – это развитие его индивидуальных особенностей в процессе обучения, такой подход создает наиболее благоприятные возможности для развития познавательных сил, активности, склонностей и дарований каждого студента, делая обучение доступным всем [1].

Студенты должны получить возможность раскрыть и проявить свои способности, свой личностный потенциал, поэтому при разработке заданий и проведения занятия преподаватель должен учитывать уровень подготовки и интересы каждого студента группы, выступая в роли консультанта и не подавляя самостоятельности и инициативы студентов. Перед каждым творчески мыслящим преподавателем возникает множество проблем: как обеспечить успешность в обучении каждого студента; обеспечить не механическое усвоение материала, а приобретение каждым студентом осмысленных знаний [2].

Применение индивидуального подхода на практических занятиях имеет свои особенности, задания выдаются разной степени сложности, соответствующие различным оценкам, при этом студенту дается возможность самому выбрать уровень сложности ответа. На практических занятиях выполняют разные объемы работ в зависимости от личностных качеств. С учетом индивидуальных особенностей студентов, контроль знаний на уроках может быть в устной или письменной формах, с целью реализации индивидуального подхода преподаватель может проводить дополнительные занятия и консультации. Наш опыт преподавания убеждает, что многие студенты, готовясь к занятиям, испытывают трудности, с одной стороны, сказывается несформированность культуры учебного труда, а с другой - студент не всегда может качественно представить свою готовность к занятию. Поэтому преподаватель предлагает студентам некий алгоритм подготовки к занятию, своеобразную технологическую цепочку последовательно выполняемых действий, направленных на достижение промежуточных целей, подчиненных общему замыслу занятия, где формулируются цели и задачи занятия, задания для обязательного выполнения, а также задания для углубленного изучения темы с указаниями литературных источников, предложенных к занятию; задания, направленные на усвоение теории и практических навыков; использование рабочих тетрадей, где студентам предлагаются задания выполняемые письменно[3].

По содержанию и предлагаемым способам - задания рассчитываются на следующие виды деятельности: фронтальную, осуществляемую всей группой, когда все студенты выполняют одно и то же задание; групповую для небольших группы (2-3 студента) и индивидуальную, осуществляемую самим студентом.

Структура каждого занятия включает: информационный блок, (обсуждение теоретических понятий, терминов, положений описывающих знания по теме); практико-преобразующий блок «погружающий» студентов в различные виды активной деятельности (мыслительную, ценностноориентированную, коммуникативную), блок самообразования, ориентированный на самостоятельное изучение литературных и справочных источников по изучаемой теме [4].

Практическая работа на занятиях по ОМИАЛС, фармацевтической химии, токсикологической химии и ФГЗ предполагает обязательное ведение студентами рабочих тетрадей для практических занятий. Материалы работ, постепенно накапливаясь, могут превратить рабочую тетрадь в своеобразный «банк», с разнообразной ценной информацией теоретического и практического характера.

На практических занятиях нами широко используются различные методы проведения занятия: фронтальный опрос, тестирование, решение ситуационных задач, разгадывание кроссворда, демонстрация немых гербариев, микропрепаратов лекарственного растительного сырья, товаров аптечного ассортимента, аптечного оборудования и т.д. Поэтому студенты на занятии работают с интересом, активно, что говорит об эффективности применения индивидуального подхода [5].

Выводы. Успешное развитие познавательной активности и самостоятельности обучающихся, возможно только тогда, когда учебный процесс организован как интенсивная интеллектуальная деятельность каждого студента с учетом его особенностей и возможностей. Только зная потребности, интересы, уровень подготовки, познавательные особенности каждого студента, можно полнее использовать его роль в овладении общими и профессиональными компетенциями.

Список литературы

1. Андреев А.Л. Компетентностная парадигма в образовании // Педагогика №4, 2016г [1].
2. Купавцев А.В. Деятельностная альтернатива в образовании// Педагогика №12, 2017 [2].
3. Игровые технологии в фармацевтическом образовании: Учебное пособие /Сост.: А. И. Артюхина, Л. М. Ганичева, В. И. Чумаков - Волгоград: Изд-во ВолгГМУ, 2014. - 110 с [3].
4. Морева, Н. А. Педагогика профессионального образования: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Н. А. Морева — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Академия, 2001—272с [4].
5. Ребрин О.И., Шолина И.И., Сысков А.М. «Смешанное обучение» как инновационная образовательная технология // Высшее образование в РФ — 2005. — № 8. — С. 68–72 [5].

Т. Байзолданов, М. Сатин, Д. Амирхожаева, С.Келимханова
Казросмедуниверситет, кафедра фармации

САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ РАБОТА СТУДЕНТОВ НА КАФЕДРЕ ФАРМАЦИИ КРМУ

Ключевые слова: самостоятельная работа студентов, учебный процесс фармация, компетентностный подход

Актуальность. Реализация нового ГОСО (государственного общеобязательного стандарта образования) РК основана на компетентностном подходе к обучению и внедрении современных технологий контроля знаний учащихся.

Компетентность включает в себя теоретические знания, практические умения и личностные качества, которые позволяют фармацевту успешно адаптироваться в современной жизни, стремиться к совершенствованию знаний и умений. Среди условий реализации компетентностной модели подготовки фармацевта важными являются преобладание самостоятельной познавательной деятельности, использование современных технологий, формирующих способность студента к самооцениванию своего труда. Организация самостоятельной работы студентов (СРС) выступает одним из ключевых вопросов в современном образовательном процессе.

Самостоятельная работа – это планируемая работа студентов, выполняемая по заданию и при методическом руководстве преподавателя, но без его непосредственного участия. Формы самостоятельной работы студентов определяются при разработке рабочих программ и силлабусов и отражаются в содержании учебных дисциплин[1].

Для успешного осуществления СРС необходимы комплексный подход к ее организации, обеспечение эффективного контроля над качеством выполнения. В учебном процессе на кафедре фармации, мы выделяем два вида самостоятельной работы: аудиторная – самостоятельная работа выполняется на практических занятиях под непосредственным руководством преподавателя и внеаудиторная – самостоятельная работа, выполняемая студентом по заданию преподавателя, но без его непосредственного участия. Роль преподавателя заключается не только в организации практических занятий, но и в правильной организации самостоятельной работы студента как на занятиях, так и во внеаудиторное время;

Целью самостоятельной внеаудиторной работы студентов является обучение навыкам работы с учебной и научной литературой для изучения дисциплины и развития у них способностей к самостоятельному поиску и анализу информации. С целью повышения творческой активности будущих фармацевтов на кафедре фармации предусмотрена самостоятельная внеаудиторная работа студентов, в том числе подготовка докладов в виде мультимедийной презентаций по актуальным проблемам современной фармации, написание тезисов, участие в различных студенческих конференциях, стартапах. Реферативная работа также позволяет развивать не только творческие способности студентов, но и формировать компетенции, как в познавательной деятельности, так и в информационных технологиях[2].

Одной из форм внеаудиторной работы студентов является подготовка наглядных пособий (таблиц, плакатов, «немых формул лекарственных веществ» и микропрепаратов ЛРС, проектов спецификаций на лекарственные формы и т.д.) к практическим занятиям. Наглядные пособия содержат современную информацию по самым интересным вопросам каждой из дисциплин. Так, лекарственное растительное сырье по ботанике и ФГЗ представлены в виде рисунков ЛР, гербариев, ЛРС, схем микропрепаратов, «немых формул» основных действующих веществ из различных групп БАВ, и т.д. что делает его наглядным и удобным в использовании на практических занятиях[3].

Для выполнения внеаудиторной самостоятельной работы студенты имеют методические материалы, направляющие самостоятельную работу по дисциплинам: методические указания для самоподготовки студентов к практическим занятиям и экзаменам; информационное обеспечение образовательного процесса, включающее список основной, дополнительной литературы, электронные ресурсы (электронную базу данных и электронный доступ к базе цитирования Web of

Science; Кокрановской библиотеки, блок ситуационных задач и тестовых заданий для оценки выживаемости знаний студентов[4].

Одной из форм обучения является и аудиторная самостоятельная работа студентов. На практических занятиях использование различных форм СРС позволяет сделать процесс обучения более интересным и поднять активность значительной части студентов. На кафедре фармации имеется комплект методических указаний к практическим занятиям по всем дисциплинам отражающих специфику преподавания. Методические указания к практическим занятиям включают хронокарту занятия, теоретические вопросы по изучаемой теме, а также раздел СРС: комплект ситуационных задач; тестовые задания; задания по узнаванию «немых формул и микропрепаратов»; вопросы для самоконтроля; список обязательной и дополнительной литературы. Решая ситуационные задачи, студенты анализируют лекарственные средства синтетического так природного происхождения, оценивают возможность соответствия их качества требованиям ГФ РК.

Ключевую роль в организации самостоятельной работы студента играет умение преподавателя мотивировать студента к изучению предмета и контролировать учебный процесс, что позволяет повысить эффективность изучения дисциплины и перевести его на качественно новый уровень[5].

Выводы. Организация самостоятельной работы, руководство ею — это ответственная и сложная работа каждого преподавателя, самостоятельная работа в образовательном процессе кафедры фармации – главный резерв повышения качества подготовки фармацевтов, которая способствует формированию системы общекультурных, профессиональных компетенций, повышению их конкурентоспособности. Самостоятельная работа под контролем преподавателя, позволяет не только получать знания, но и овладевать умениями и навыками использования этих знаний, методами исследовательской работы.

Список литературы

1. ГОСО и ТиПО по медицинским и фармацевтическим специальностям утвержденный Приказом Министерства образования и науки РК от 21.02. 2020 г. № 647 № ҚР ДСМ -311/2020[1]
2. Кодекс РК « О здоровье народа и системе здравоохранения» от 18.09.2009г [2]
- 3.Краснюк И.И. Гармонизация компетенций – важный аспект совершенствования ФГОС по специальности «Фармация» / И.И. Краснюк, Л.А. Король, В.Н. Кузина [и др.] // Медицинское образование и вузовская наука. – 2015. – №1. – С. 25-30[3].
- 4.Щукин Ю.В. Инновационные подходы формирования образовательных траекторий в медицинском вузе / Ю.В. Щукин, Е.В. Мензул, Ю.В. Мякишева // Медицинское образование и вузовская наука. – 2017. – № 1[4].
5. Компетентностный подход к преподаванию химии студентам фармацевтического факультета ЯГМУ / А. М. Беспалова, Л.А. Савватеева // Сб. науч. тр. «Инновационные технологии в фармации». – Иркутск, ИГМУ, 14- 15 июня 2016 г. – С. 37-40[5].

Т. Байзолданов, С. Келимханова, Д. Амирхожаева, М. Сәтін

К ВОПРОСУ О ПРЕПОДАВАНИИ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОЙ ХИМИИ НА КАФЕДРЕ ФАРМАЦИИ КАЗРОСМЕДУНИВЕРСИТЕТА

Ключевые слова: методика преподавания в ВУЗе, фармацевтическая химия, способы получения ЛС, методы контроля

Актуальность. Профессионализм будущего фармацевта в ходе образовательного процесса в значительной мере формируется и зависит от изучения профилирующих предметов, определяющих многосторонние свойства фармацевтических препаратов, их получение, анализ качества, а также управление в фармации. Это фармакология, фармацевтическая химия, фармацевтическая технология, экономические аспекты фармации, включая товароборот лекарственных средств.

Фармацевтическая химия – учебная дисциплина, содержащая систематизированные научные знания о способах получения лекарственных веществ, связи их химического строения с фармакологической активностью и методах контроля качества. Важнейшим разделом фармацевтического анализа является фармакопейный анализ, включающий в себя и раздел «Стандартизация лекарственных средств», который выделен в отдельную дисциплину. Изучение материала проводится по следующему плану: общая характеристика группы, классификация лекарственных средств по химической структуре, способы получения и методы контроля.

Целью практических занятий по фармацевтической химии является закрепление теоретических знаний студентов и приобретение ими практических навыков в области фармацевтического анализа.

В ходе проведения занятий студенты осваивают методы качественного и количественного определения лекарственных веществ неорганической и органической природы, установления их доброкачественности в соответствии с требованиями принятыми Государственной Фармакопеей Республики Казахстан и другой НД, лабораторную экспериментальную работу и составление отчета с его защитой. Каждое занятие содержит контрольные вопросы и ситуационные задачи для самостоятельного решения. Входной опрос может проводиться как в письменной, так и в устной форме. Письменный контроль включает в себя тестовые задания или теоретический опрос с решением ситуационных задач. Устный контроль проводится с группой студентов и включает их ответы у доски, в том числе и по решению ситуационных задач.

В ходе экспериментальной работы студенты руководствуются следующими требованиями: получив лекарственный препарат (в виде субстанции или лекарственной формы), они должны провести оценку его качества по показателям указанным в нормативной документации.

На основании экспериментальных результатов, полученных по проверенным показателям, они делают заключение о соответствии или несоответствии препарата требованиям НД. Отчет о лабораторной работе оформляется в развернутом виде (в соответствии с принятой формой) и в виде заполненного аналитического паспорта или сертификата качества.

Получив таблетки, студенты в соответствии с ОФС и ФС (или ФСП) проводят оценку их качества по следующим показателям: описание, подлинность, определение средней массы, количественное определение, упаковки, маркировки. Показатели (растворение, тальк, посторонние примеси, микробиологическая чистота) рассматриваются ознакомительно[1].

До экспериментальных работ с извлечением действующих веществ из таблеток студент должен оценить соответствие упаковки и маркировки препарата требованиям НД (ГФ РК, ФС или ФСП). В случае получения препарата на анализ в не расфасованном виде маркировка и упаковка не оцениваются. Внешний вид 20 таблеток (если не указывается иначе) оценивают на чистой, ровной, белой поверхности. Определение средней массы таблетки и однородности по массе выполняют в соответствии с методикой ГФ РК "Однородность массы дозированных лекарственных форм. Для проведения качественного и количественного анализа действующего вещества в ступке тщательно растирают таблетки в количестве, указанном в задании. Получив инъекционный раствор, студенты в соответствии с ОФС ГФ РК или (ФС или ФСП) проводят

оценку его качества по следующим показателям: описание, прозрачность, цветность, номинальный объем, pH раствора, идентификация действующего вещества, количественное определение действующего вещества (или действующих веществ), маркировка ампул, упаковка. Другие показатели (стерильность, пирогенность, посторонние примеси и т.д.) рассматриваются ознакомительно[2].

При выдаче препарата в ампулах сначала проводят проверку внешнего вида (описание), маркировки каждой ампулы и испытание на отсутствие механических включений в соответствии с НД (ГФ РК, ФСФ). Затем ампулы необходимо вскрыть с помощью ампульного ножа и провести испытание на соответствие номинального объема. Раствор после проведения анализа аккуратно перелить в сухую коническую колбу емкостью 100 мл и с полученным раствором провести остальные испытания: определить прозрачность и (или) цветность, pH раствора, провести реакции подлинности на действующие вещества и его количественное определение. Расчет содержания действующего вещества в препарате производится в граммах в 1 мл раствора.

Получив суппозиторий, студенты в соответствии с ОФС ГФ РК, ФСФ должны проводят оценку качества препарата по следующим показателям: описание, подлинность, определение средней массы суппозитория, температура плавления, количественное определение действующего вещества, маркировка, упаковка. Показатели (посторонние примеси, время полной деформации, микробиологическая чистота) рассматриваются ознакомительно [3].

Для качественного и количественного определения действующих веществ в суппозиториях в качестве навески обычно используют один суппозиторий. В суппозиториях содержание действующего вещества рассчитывается в граммах на 1 суппозиторий. В случае выдачи суппозитория на занятии в не расфасованном виде (не в заводской упаковке), показатели «упаковка» и «маркировка» не оцениваются. При работе по контролю качества лекарственных форм, в разделе «проведение идентификации» часто используются физико-химические методы, обсуждение сути используемых методов закрепляет теоретические основы методов и практические приемы их выполнения. Такой подход позволяет подготовить специалистов, владеющих современными методами фармацевтического анализа[4].

В отчете обязательно отражаются следующие пункты: название темы практического занятия, МНН, русское и химическое название и структурная формула анализируемых лекарственных веществ, описание методик анализа с приведением химизма происходящих реакций, в случае количественного определения указанием всех необходимых данных для расчетов и сами расчеты, результаты наблюдений по заданиям практического занятия[5]

Выводы. Протокол анализа лекарственного вещества или лекарственной формы (в протоколе анализа расчеты и химизмы реакций не указываются). Обязательно заполняется Журнал регистрации результатов внутриаптечного контроля (для лекарственных форм изготавливаемых в условиях аптеки). Лабораторно-практические задания, обработка результатов производятся самостоятельно студентом, под контролем преподавателя.

В процессе преподавания учебной дисциплины на кафедре фармации студенты используют элементы дистанционного обучения (интерактивные лекции, учебные и контрольные тесты, ситуационные задачи и др.) в процессе выполнения СРОП и СРС (управляемой самостоятельной работы).

Литература

1. Фармацевтическая химия. Типовая учебная программа по дисциплине для специальности «Фармация» [1]
2. Фармацевтическая химия: учебник/ под ред. Г.В. Раменской - М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2015 - 467с[2]
3. Государственная фармакопея Республики Казахстан в 3 томах, Алматы. изд-во Жибек жолы, 2008 [3]
4. Арыстанова Т.А., Ордабаева С.К. Методические рекомендации для проведения СРОП и рубежного контроля по фармацевтической химии методом «Анализа конкретных ситуаций» - Шымкент -2012-15с [4]
5. Солонина А.В. Профессиональная роль фармацевтических специалистов как аспект социальной деятельности //Современные проблемы науки и образования - 2015- №1[5]

УДК 543.2: 615.322

Дауренбеков Қ.Н., Есиркепова М.М., Катчанова А.Б.
«ОҚМА» АҚ, Шымкент қ., daurenbekov.kanat@mail.ru

МЫҢЖАПЫРАҚ ӨСІМДІГІНІҢ ЖЕРҮСТІ БӨЛІГІНІҢ ФЛАВОНОИДТЫҚ ҚҰРАМЫН ЗЕРТТЕУ

Мыңжапырақ (*Achillea*) – күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Елімізде бұл өсімдіктің оннан астам түрі бар. Оның құрамында ахиллеин алкалоиді, эфир майлары, камфора, туйон және құмырсқа, сірке, валериан, аконит, аскорбин қышқылдары, С, К дәрумендері, фитоцидтер, спориттер, флаваноидтар, кумарин, лактондар, полисахаридтер, иілік заттар және алкалоидтар сияқты әртүрлі биологиялық белсенді заттар кездеседі. Халық медицинасында бұл шөпті көбіне өтке тас жиналғанда, бауыр ауруларына қарсы, өкпенің қабынуына, геморройды емдеуде пайдаланады, сонымен қатар мыңжапырақтың жапырақтарын қан тоқтату мақсатында да қолданады. Осы бағыттағы дәрі-дәрмектерге пайдаланылады. Қазіргі медицинада мыңжапырақтың рөлі артпаса кеміген жоқ [1].

Мыңжапырақ өсімдігі оннан астам елдердің фармакопиясына енгізілген. Мыңжапырақ өсімдіктері арасында әсіресе көп зерттеулер жүргізілгені кәдімгі және азиаттық түрлері. Әдебиеттерді шолу барысында алдыңғы зерттеу нәтижелері көрсеткендей бір тұқымдас өсімдіктері бола тұра химиялық құрамы әрқилы, оның басты себебі өскен ортасына, климаттық жағдайына және топырақтың құрамына тікелей байланысты.

Соңғы кездері ауруларды емдеу үшін қосымша кері әсері бар синтетикалық препараттардан гөрі өсімдіктерден алынатын биологиялық белсенді заттарды қолдану жағы адамзатты көбірек қызықтырады. Солардың ішінде емдеу тиімділігі жоғары өсімдік шикізатынан алынатын биологиялық белсенді заттардың арасында флавоноидтардың алатын орны ерекше. Мыңжапырақ өсімдігінің флавоноидтық құрамын зерттеуде бізді қызықтырған мәселелердің бірі ол өсімдік шикізатынан алынатын қайнатпалары мен сығындылары. Олар қабынуға қарсы, ауырсынуды басатын, антибактериалды, антисептикалық, иммундық жүйені нығайтатын, қанды тоқтатушы, спазмолитикалық және асқазан-ішек аурулары жолдарының әртүрлі ауруларын емдеу үшін кеңінен қолданылады [2].

Түркістан облысы Бәйдібек ауданындағы Қаратау бөктерінде өсетін мыңжапырақ өсімдігінің химиялық құрамын зерттеу мақсатында «Химиялық пәндер» кафедрасына қарасты жабдықталған зертханасында ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл өсімдікті таңдауымыздың басты мақсаты бірнеше өсімдіктердің қоспасынан, оның құрамында осы мыңжапырақ та бар, дайындалған экстракттар онкологиялық ауруларды емдеуде оң нәтижелер көрсетіп жүргені белгілі болды, сондықтан осы өсімдіктің құрамына фитохимиялық зерттеу жүргізуді алдымызға мақсат қойдық.

Зерттеу нысаны ретінде Қаратау бөктерінде өсетін мыңжапырақ өсімдігінің жерүсті бөлігінің флавоноидтық құрамын зерттеу мақсатында фитохимиялық талдау жұмыстары жүргізілді [3].

Флавоноидты қосылыстардың әртүрлілігіне байланысты:

- 1) пиран сақинасының С-тің тотығу дәрежесі әртүрлі болуымен;
- 2) В сақинаның әртүрлі орналасуымен;

3) хош иісті сақиналардағы ОН – топтарының әртүрлі санымен және олардың орналасуымен ерекшелінеді.

Мыңжапырақ өсімдігінің кептірілген жерүсті бөлігін арнайы құрылғыда майдалап ұнтақтап алдық. Анықталатын өсімдік шикізатын электрондық таразыда 2 г өлшеп алып, конусты колбаға салдық, сосын өлшеп алынған сынаманы 1:10 қатынаста әртүрлі еріткіштерде а) 20 мл этил спириті ә) 20 мл хлороформ б) 20 мл ацетон 1,5 сағат су моншасында қыздырып экстракциялар алынды. Әртүрлі еріткіштерде дайындалған экстракцияларды сүзгіш қағаздың көмегімен сүзгіден өткізіп, алынған экстрактан флавоноидтарға сапалық реакциясыны жүргіздік.

1. Этил спиртімен экстрацияланған сынамаға аммиак ерітіндісімен 2н натрий карбонаты қосқанда қоңыр түске өзгерді. Сынамада изофлавоноидтың барын көрсетті. Ал ацетонмен экстрацияланған сынамаға аммиак ерітіндісімен 2н натрий карбонаты қосқанда ақшыл – сары түске өзгеріп, флаван бар екені анықталды. Хлороформмен экстракцияланған сынамаға аммиак ерітіндісімен 2н натрий карбонаты қосқанда сарғыш – жасыл түске өзгеріп, флаван және флаванон бар екенін көрсетті.

2. Этил спиртімен экстрацияланған сынамаға 1-3 тамшы 1% темір (III) хлоридін (сулы ерітінді) қосқанда жасыл түске өзгерді. Сынамадағы флавонолдың құрамында бос 5-ОН тобы, ал ацетонмен экстрацияланған сынамаға 1-3 тамшы 1% темір (III) хлоридін (сулы ерітінді) қосқанда қоңыр түске өзгеріп, сынамадағы флавонолдың құрамында бос 3-ОН тобы барын көрсетті. Хлороформмен экстракцияланған сынамаға 1-3 тамшы 1% темір (III) хлоридін (сулы ерітінді) қосқанда ақшыл –сары түске өзгерді.

3. Этил спиртімен, ацетонмен экстрацияланған сынамаларға Гейдж реакциясы 1-3 тамшы алюминий хлоридінің 1% спирттік ерітіндісін қосқанда ақшыл – сары түске өзгеріп, флаван, флавонол, халкон және аурон барын көрсетті. Хлороформмен экстракцияланған сынамаға 1-3 тамшы Гейдж реакциясын қосқанда жасыл түске өзгеріп, флавоноидтың бары анықталды.

4. Этил спиртімен, ацетонмен және хлороформмен экстрацияланған сынамаға Цианидин сынағындағы, яғни концентрілеген тұз қышқылына магний ұнтағы қосылған ерітіндіні қосқанда алтын түстес, жасыл және ашық –жасыл түстерге өзгерді. Сынамада флаван, флавонол, флаванондар бар екенін көрсетті.

5. Этил спиртімен экстрацияланған сынамаға Цианидин сынағындағы, концентрлі күкірт қышқылын бірнеше тамшы қосқанда, қоңыр –жасыл түске өзгерді. Сынамада флавоноид бар. Ал ацетонмен экстрацияланған сынамаға концентрлі күкірт қышқылын бірнеше тамшы қосқанда, қызыл –қоңыр түске өзгеріп, сынамада изофлаван бар екенін көрсетті. Хлороформмен экстракцияланған сынамаға концентрлі күкірт қышқылын бірнеше тамшы қосқанда, қоңыр түске өзгерді. Сынамада флавоноид бар екені анықталды.

6. Этил спиртімен экстрацияланған ацетонмен және хлороформмен экстрацияланған сынамаға Цианидин сынағындағы, 2% қорғасын ацетатынан 2-5 тамшы қосқанда, қызғылт – сары, сары түстерге өзгерді. Сынамада орто-диоксиді топтастырылған флавоноидтар бары анықталды.

7. Этил спиртімен, ацетонмен және хлороформмен экстрацияланған сынамаға Хайса реакциясы концентрлі тұз қышқылын қосқанда, сарғыш –жасыл, ақшыл –жасыл, жасыл түстерге өзгеріп, флавоноидтар бар екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе Қаратау бөктерінде өсетін мыңжарырақ өсімдігінің жерүсті бөлігіне фитохимиялық зерттеу жүргізу барысында оның құрамында флавоноид туындыларының бар екені анықталды, одан ары арнайы аспаптардың көмегімен спектральды талдау арқылы флавоноидтардың құрамын анықтау үшін терең зерттеулер жүргізу жалғасын табады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстанның өсімдіктер әлемі» А.А. Иващенко, Алматы кітап баспасы 2012 ж.
2. Генатуллина Г.Н. и др. Оценка противомикробактериального и сенсibiliзирующего действия биологически активных веществ экстрактов тысячелистника обыкновенного и тысячелистника мелкоцветкового // Прикаспийский вестник медицины и фармации. — 2020. — Т.1, №2. — С. 26 –31.
3. Музыкакина Р.А., Корулькин Д.Ю., Абилов Ж.А. Дәрілік өсімдік материалдары мен фитопрепараттардағы биологиялық белсенді заттардың негізгі топтарын сапалық және сандық талдау: оқулық /. – Алматы, «Қазақ университеті», 2004. 221 -224 беттер.

Alikhanova Khaliya Bakadirovna, candidate of Chemical Sciences, acting professor. Shymkent, Republic of Kazakhstan

Email: Ali07haliA@mail.ru

Kulbayeva Madina Serikovna, master's degree in chemical sciences, teacher. Shymkent, Republic of Kazakhstan

Email: Mili_0907@mail.ru

STUDY OF PHYTOCHEMICAL AND BIOLOGICAL PROPERTIES OF TOOTHED ALFALFA

Relevance: In Kazakhstan, the main percentage of medicines sold in pharmacies come from abroad at high prices, so the study and development of new domestic drugs, as well as the actual use of local wild raw materials, is currently a problem. Toothed Clover is also used in folk remedies for the treatment of mucolytic, neurasthenia, and is widely used for cardiospasm and sleep disorders.

Therefore, qualitative and quantitative tests of flavonoids were carried out and their biological properties were studied.

Key words: Phytochemical research, toothed alfalfa, biological methods, statistical processing.

Purpose: Toothed alfalfa, phytochemical study, isolation and determination of the structure of biologically active substances (BAS) from the plant, study of the properties of biologically derived extracts and components.

Materials and methods: The object of research is parts of ground-toothed alfalfa, and the following methods were used: phytochemical research methods, physical, chemical, physico-chemical and spectral methods, biological methods and statistical processing of the results.

Results obtained: Toothed Clover, *Melilotus dentatus*. Toothed alfalfa grows well in salt and meadow areas. Toothed alfalfa is widely distributed in the European part of Russia, Ukraine, as well as in Belarus, the Baltic states, the Caucasus, Eastern and Western Siberia, Kazakhstan, and Central Asia [1-6].

We conducted various methods and analyzes, phytochemical studies and quantitative indicators were determined: humidity; total ash; insoluble ash, as well as qualitative and quantitative tests for flavonoids were carried out, alkaloids, tannins, essential oils, polysaccharides and extracts were selected for the study of biological properties.

Conclusion: so, according to the data of the Literary Review and as a result of studies of phytochemical analysis, the composition of the toothed alfalfa plant can be used in the future to obtain a biologically active substance.

Literature

1. <http://knu.znate.ru/docs/index-523185.html?page=2>
2. Yukgfa Bulletin, 2013 edition. Patsaev A. K., Alikhanova H. B., Karimova A. N. "Pharmacognostic research and application in people's Medicine of the narrow-leaved state", page 16.
3. State Pharmacopoeia, edition XI, Issue 2. methods of Pharmacognostic analysis. Determination of the content in growing cheese Medicine, 1987.;
4. State Pharmacopoeia of the Republic of Kazakhstan, modification of I. methods of Pharmacognosy.- Moscow: "Astana", 2008, - p. 226;
5. Muzychkina R. A., Korulkin D. Yu., Abilov zh.a. "quality and quality analysis of the main groups of BAV in medicinal products and phytopreparations" 2004.
6. Methods of pharmacognostic analysis: microscopy and microscopy, Kondratieva G. K., Vladivostok . 2005

Купеева Гулсара Амангелдиевна
Қызылорда медициналық жоғары колледжі

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН КРЕДИТТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА ДАЯРЛАУ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген, соның бірі – оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану. Оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, оқу-әдістемелік кешендерді, силлабустарды дайындау, балдық-рейтингтік жүйені енгізу, студенттің аудиториядан тыс өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыру студенттерде жоғары білім, білік, дағды, кәсіби құзыреттілік қалыптастырады. Мамандықтарды даярлауға арналған білім алу мекемелерінің қызметінің негізгі бағыттары:

- кредиттік оқу жүйесіне көшу;
- оқу үрдісін ақпараттандыру;
- қашықтан оқыту әдістерін қолдану;

екі деңгейде мамандар даярлау жүйесін енгізу;
Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру.

Осы бағыттардың ең күрделісі, жауаптысы – оқу жүйесін кредиттік технологияға көшіру мәселесі. Мақсаты – білім жүйесін әлемдік білім кеңістігімен кіріктіру және өндіріс пен нарықтық жағдайдың өзгеріп тұратын заманында кәсіби мамандардың әлемдік сұранысқа, бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік жасау болып табылады. Оқыту жүйесіне кредитті кіргізу Еуропадағы Болон процесін қабылдаумен байланысты, оның негізгі мақсаты білім беруді жетілдіру және оның ашықтық сипатына қол жеткізу. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығымен бекітілген « Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

Міндеттері: техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТЖКБ) жүйесінің беделін арттыру; ТЖКБ қолжетімділігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету;

елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТЖКБ мазмұнын жаңарту;

Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы іске асырылады. Кредиттік технологиялық оқу жүйесі бұрынғы оқытудан ерекше, жаңаша оқыту тәсілі бар, жаңаша ұйымдастырумен, қойылатын талаптарымен де ерекшеленеді.

Кредитті технологияны оқу үдерісіне енгізе отырып, колледж оқытушылары оқу сабақтарын басым түрде белсенді шығармашылық нысандарда жүргізеді (кейс-стади, іскерлік ойындар, тренингтер, дискуссия, дөңгелек үстелдер, презентациялар семинарлар, «Миға шабуыл», «Мозаика» әдістері және тағы басқалары) және белсенді үлестірмелі материалдарды – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар) қолданады. Оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, оқу-әдістемелік кешендерді, силлабустарды дайындау, балдық-рейтингтік жүйені енгізу, студенттің аудиториядан тыс өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыру студенттерде жоғары білім, білік, дағды, кәсіби құзыреттілік қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген, соның бірі – оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану ;

Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы іске асырылады.

.Кредиттік технологиялық оқу жүйесі бұрынғы оқытудан ерекше, жаңаша оқыту тәсілі бар, жаңаша ұйымдастыруымен, қойылатын талаптарымен де ерекшеленеді.

Оқытушылар студенттердің өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыруына көңіл бөледі. Семестрге өзіндік жұмыс кестесі жоспарланады. Өзіндік жұмыс кестесі – бұл студенттің бос уақытын жоспарлауға және оны ұтымды пайдалануға ынталандыратын құрал. Жақсы жоспарланған үй жұмысы өзіндік жұмысты қамтамасыз етеді. Оған мыналар жатады: дәріс материалын оқу; есептер шығару; хабарлама, эссе дайындау үшін берілген материалды оқулықтан оқу және конспектілеу; кейбір тақырыптарды өз бетімен оқу; практикалық және бақылау жұмыстарына дайындалу; рефераттар, баяндамалар жазу, презентациялар дайындау. Оқытушылар студентті өздігінен үйде еңбектенуге үйрету үшін үнемі оған көмектесіп, күнделікті жұмыстарын тексеріп, қажет әдебиетпен және үлестірмелі материалмен қамтамасыз етіп отырады. Сонымен қатар, дербес компьютер, Интернет, көптеген техникалар, электрондық оқулықтар үлкен роль атқарады.

Кредиттік оқыту жүйесінің тағы бір ерекшелігі-педагогикалық шеберлікті үнемі жетілдіруді, тәжірибе алмасуды талап етеді. Осы орайда, оқытушылардың жаңа формадағы оқу-әдістемелік кешендерді, үлестірмелі материалдарды дайындауда, студенттің өзіндік жұмысына басшылық ету және дұрыс ұйымдастыруды жоспарлануда жаңа оқу жүйесіне бейімделуде қиындықтар болды. Сондықтан, кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру, әдістемелік көмек көрсету мақсатында үнемі оқу семинарлары, ғылыми-әдістемелік және тәжірибе-эксперименталды жұмыстарды жоспарлау, жүргізу негізінде оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, студенттердің танымдық және шығармашылық белсенділіктерін дамыту мақсатында пән апталықтары өткізіліп тұрады.

Қорыта келгенде, колледж ұжымы оқу үдерісіне кредиттік технологияны енгізу бағытында көлемді әдістемелік және оқу-ұйымдастырушылық жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, оқу-әдістемелік кешендерді, силлабустарды дайындау, балдық-рейтингтік жүйені енгізу, студенттің аудиториядан тыс өзіндік жұмысын дұрыс ұйымдастыру студенттерде жоғары білім, білік, дағды, кәсіби құзыреттілік қалыптастырады. Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. ҚР-ның «Білім туралы Заңы», 24.10.2011 ж. №487-IV ҚРЗ.
3. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі.
4. Основы кредитной системы обучения в Казахстане., под общ.ред. Кулекеева Ж.А., Гамарника Г.Н., Абдрасилова Б.С.. / - Алматы: Қазақ университеті, 2004-198с.

Жалдыбаев Қ.К.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау үздігі, КРМУ, ҚР. Алматы қ. Kairat.med@mail.ru

БАЛ... ҮЙДЕГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК ЖИНАҒЫНДА

Түйін

Халық арасында тері жарақаттары, күйіктер, үсік, өкпе туберкулезы кезінде, баспа және т.б аурулар кезінде кеңінен қолданыс тапқан кез-келген үйде болуға тиісті табиғи дәрі ол - бал. Алынған деректер негізінде бал мен шалқан (редька), бал мен лимон, бал мен қияр т.б тұндырмалары мен қайнатпалары күнделікті тұрмыста кеңінен таралған аурулардың алдын алуға және емдеуге көмектесетіндігі анықталды.

Кілт сөздер: бал, тұндырма, қайнатпа, инфекциялық аурулар, шалқан, экзема, күйік, сібір жарасы, асқынған безеу.

Кіріспе.

Дәстүрлі медицина мамандары тұндырмалар, қайнатпалар, өсімдік шырыны мен жемісін әр түрлі қабыну ауруларды, терінің саңырауқұлақ аурулары, безеу, тершендік секілді ауруларды емдеуде қолдануға кеңес береді. Арадан алынатын өнімдерді өсімдік тектес өнімдерге жатқызуға болады. Бал мен шалқан (редька) жөтелді емдеуде тиімді дәрі екендігі баршаға мәлім мағлұмат шығар. Оны жасаудың әдісі: тазалап жәылған шалқанның жоғарғы жуан бөлігінен 2 ас қасық сұйық бал сиятындай етіп тереңдетіп шұңқыр жасаймыз. Шалқанды белгілі бір ыдысқа тігінен салып бетін тығыз қағазбен жауып, 3-4 сағат тұндыру керек. Қатты жөтел кезінде бір жастан асқан балаларға және ересектерге шалқанда пайда болған сұйықтықты шай қасықпен күніне 3-4 рет тамаққа дейін және ұйықтар алдында қабылдау керек. Айта кететін жайт, сұйықтықты көп бөлетін шалқан түрлеріне қыстық домалақ қара және Грайворондық түрі жатады.

Жұмыстың мақсаты.

Балдың химиялық құрамы мен оны сақтау ережелері баршаға мәлім, алайда бүгінгі мақсат балдың үй жағдайында емдік қасиеттерін талдау.

Материалдар мен әдістер.

Жөтел кезінде жақсы көмектесетін қосылыс- бал мен лимон шырыны: лимонды суға салып, 10 мин қайнату керек, содан кейін суытып, екіге бөліп, 200 граммдық ыдысқа немесе стаканға сығу керек. Лимон шырынына ішке қабылдау үшін 2 ас қасық глицерин, стаканның бетіне дейін толтырып балл құйыңыз. Қатты және жиі жөтел кезінде қоспаның 2 шай қасығын тамаққа дейін күніне 3 рет қабылдау керек. Егер жөтел қатты, сирек және құрғақ болса 1 шай қасық қоспаны таңғы асқа, түскі асқа, кешкі асқа дейін және кейін, сонымен қатар жатар алдында қабылдаңыз. Бұндай сиропты тіпті кішкентай балалар да қуана қабылдай алады: бір жастан бастап бір шай қасық сиропты тамаққа дейін күніне 3 рет және жатар алдында берген дұрыс. Емшектегі балаларға дәстүрлі медицина жөтелден арылудың келесідей жолын атап өтеді: бір шай қасық балға екі ас қасық бәденнің (анис) тұқымдарын қосып, тұз салады. Кейін қоспаға су қосып, қайнатып, тұндыру керек. Балаларға екі сағат сайын шай қасықпен бір рет беріп отыру керек. Жөтел бәсеңдеген жағдайда дозасын төмендету қажет. Диатезбен ауыратын балаларға балдың кез келген түрін беруге болмайды!

Егер балды шикі қызыл қызылшаның суына араластырса тұмауға қарсы дәрілік зат шығады: шамамен бір шай қасық балды 2,5 шай қасық қызылша суына қосыңыз. Мұрынның ағуы кезінде мұрынның әр қуысына 5-6 тамшыдан күніне 4-5 рет тамызыңыз. Бұл әсіресе көмей бездерінің ісінуі байқалатын балаларға көмектеседі. Көмей бездерінің ісінуін толықтай емдемесе де, хирургиялық араласуға дейін тыныс жолдарын ашып, мұрыннан су аққанды тоқтатады. Экзема, күйік, сібір жарасы, асқынған безеулерді, сүйелдерді емдеуде халық медицинасы ертеден жас картоптың суын қолданады. Картоп суына бал қосқан жағдайда оның қабынуға қарсы әсері күшейеді. Қоспаны дайындау сатылары: тазалап жуылған және аршылған картопты ұсақ үккіш арқылы өткізіңіз. 100 грамм картопқа 1 шай қасық бал қосыңыз және араластырыңыз. Алынған

қоспаны дәке қағазына 1 сантиметр қалыңдықта төсеп, зақымданған жерге қойып, бинтпен немесе матамен таңу керек. 2 сағаттан кейін дәкені алып, терінің бетіндегі қалдықтарды жуылған шпательмен немесе пышақтың өтпейтін бөлігімен алып тастаңыз. Бұндай таңуды күніне бірнеше рет жасауға болады.

Қияр суы мен балды безеуді емдеуде белсенді қосылыс екені халық медицинасында кеңінен белгілі: 3 ас қасық майдаланған қиярға қайнатылған суды құйып, 2-3 сағат тұндырыңыз. Содан кейін, өнімді сүзгіден өткізіп, тұндырмадан тазалап, ерітіндіге бір шай қасық бал қосып толық ерігенше араластыру керек. Мақтаны ертіндіге малып алып, жуынғаннан кейін бет терісіне немесе терінің басқа бөліктеріне жағуға болады. 30-40 минуттан кейін суық сумен бет терісін жуып тастау керек.

Асқынған безеу кезінде және себореялық дерматит кезінде бал мен шалфей тұндырмасын қолданады. Оны дайындау процесі: 1 ас қасық шалфей жапырақтарына бір стақан қайнаған су құйып, 30-40 мин тұндырыңыз. Алынған тұндырманы сүзгіден өткізіп, ерітіндіге жарты шай қасық бал қосыңыз және араластырыңыз. Жылы ерітіндімен күніне 2-3 рет таңу жүргізіңіз.

Егер теріңіз майлы, безеулер көп болса бір стақан жылы суға бір шай қасық балды қосып, қырмызыгүлдің (календула) бір шай қасық тұндырмасын қосыңыз.

Үй жағдайында шашты жұмсарту үшін балдан жасалған шампунь жасауға болады. Ол үшін: 30 грамм тұймедаққа 100 грамм қайнаған су қосып, 1 сағат тұндырыңыз. Тұндырманы сүзгіден өткізіп, 1 дисерттік қасық бал қосыңыз және араластырыңыз. Алдын ала жуылған шашты дайындалған шампуньмен жуып, 30-40 минуттан кейін шашыңызды жылы сумен шайып тастаңыз. Құрғақ шаштарды 10-12 күнде бір рет, ал майлы шаштарды 6-7 күнде бір рет жуу керек.

